Сауалнама қашықтықтан оқытуға көшумен байланысты респонденттердің 68,8%-ы білім беру үдерісінде өздерінің білім беру ұйымының электрондық оқыту жүйесін пайдаланатынын; әлеуметтік желілерді – 31,9%; интеграцияланған жүйені - 5,5%; басқа ұйымдардың білім беру онлайн – ресурстарын – 8,3%; бейнеконференциялар, вебинарлар өткізуге арналған сервистерді – 21,5%; Viber, WhatsApp, Skype мессенджерлері немесе басқалары – 36%; электрондық поштаны - 38,0%-ы пайдаланатынын көрсетті.

Алынған жауаптарды талдау, негізінен, білім беру ұйымдары қашықтықтан оқыту үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етілгенін көрсетті: педагогтар олар үшін ең қолайлы және ыңғайлы интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие болды; цифрлық білім беру ресурстарымен, онлайн режимінде сабақтарды ұйымдастырудың ерекшеліктері мен айырмашылықтарымен таныстырылды. Алайда, сұралған педагогтердің 67,6%-ы қиындықтарды, қашықтықтан сабақтарды дайындау мен өткізуде құзыреттіліктері жеткіліксіз және қашықтан оқыту жағдайында жұмыс істеу кезінде көмек алу қажеттілігін сезінетінін (оның ішінде 13,4% - жиі, 54,2% - жекелеген мәселелер бойынша) атап өтті.

Сұралған педагогтар қашықтықтан оқытуды тиімді іске асыру үшін қажетті көмек түрлерін көрсетті және бірінші орынға электрондық оқыту жүйесін пайдалану бойынша әдістемелік көмекті (64,6%) және қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігін (40,1%) көрсетті.

Бұдан әрі қашықтықтан білім беру технологияларын оқу үдерісінде қолдану бойынша біліктілікті арттыру контексінде педагогтердің қосымша оқуға қажеттілігі зерделенді. Сауалнамаға қатысқан барлық мұғалімдер біліктілікті арттырудың бір немесе бірнеше түрінің қажеттілігін айтып өтті.

Алынған мәліметтер біліктілікті арттырудың әртүрлі түрлеріне қажеттілік (19,4%-дан 48,4%-ға дейін) бейнеледі. Респонденттердің басым бөлігі практикаға бағытталған семинарлар нысанында қашықтықтан оқыту саласындағы құзыреттілікті арттыруды қажет етеді (48,4%).

Осылайша, қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша қосымша оқыту педагогтар үшін өзекті мәселе екені айқындалды. Яғни, егер бұл міндет шешілмейтін болса, онда қашықтықтан оқытудың тиімділігінің, сондай-ақ қашықтықтан оқыту кезінде білім сапасының деңгейінің төмендеу ықтималдығы жоғары болады.

Біз, сондай-ақ, педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының дидактикалық мүмкіндіктеріне қатысты теориялық материалды қазіргі мектепте қашықтықтан білім беру технологияларын жүзеге асыру үшін қажетті педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша әлеуетін анықтау тұрғысынан зерделедік. Біздің зерттеуіміздің мақсаты қазіргі мектепте қашықтықтан білім беру технологияларын жүзеге асыру саласындағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының мақсатын, міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын анықтау болды.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, біліктілікті арттыру курстарының шеңберінде мұғалімдерді қашықтықтан оқыту жағдайында жұмысқа даярлау олардың дидактикалық және технологиялық

жақтарынан дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл жағдайда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жеке-дара оқытуды және оқушылардың танымдық белсенділігін қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы дамытуды ескере отырып, оқушылардың өздік жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау қабілетімен толықтырылатынын Скибицкий Э.Г., Фадейкина Н.В. [4] және т.б. ғалымдар ескертеді.

Алексеева У.И., Андрюхина Л.М., Ломовцева Н.В. және т.б. зерттеушілер заманауи технологиялардың дамуы нәтижесінде адамға үйрену, жаңа білім алу оңайырақ болады және заманауи мұғалім бүгінде АКТ-құзыреттіліктерін игеруі керек, өзінің педагогикалық қызметіне АКТ-ны белсенді және тиімді пайдалануға бағытталған өзгерістер енгізуі керек, жаңа АКТ-ны пайдалану мүмкіндіктерін өз бетінше талдап, сыни бағалауы керек, қазіргі ақпараттық қоғамның дамуындағы ақпараттың мәні мен маңыздылығын түсінуі керек, осы үдерісте туындайтын қауіптер мен қиыншылықтарды білуі керек, ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтауы керек, кәсіби қызметте қазіргі заманғы мәліметтер базасының тілдерін, операциялық жүйелерді және электрондық кітапханалар және бағдарламалар пакеттері, желілік технологиялардан хабардар болуы керек екенін айтады [5, 6]. Цифрландыруды енгізуге мүмкіндік беретін тиімді шешімдердің бірі білім беру үдерісінде қашықтықтан оқытуда заманауи цифрлық технологияларды пайдалану болып табылады. Цифрлық технологияларды белсенді пайдалану оқушыға білім беру ақпаратын құрылымдауға мүмкіндік беретін белгілі бір білік пен дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Цифрлық оқыту құралдарын дұрыс қолдану тек коммуникативті, бағытталған ақпараттық технологияларды белсендіріп қана қоймай, сонымен қатар оқу үдерісіне шығармашылық, белсенділік элементтерін қосады деп көрсетеді өз еңбектерінде Сулейменова Т.И., Кувырталова М.А. [7, 8].

Нәтижелері және талқылануы. Сонымен, электрондық оқытуды жетілдіруге цифрлық білім беру технологияларының жаңа мүмкіндіктерін пайдалану ықпал етеді. Цифрлық білім беру оқу үдерісін неғұрлым тиімді, жылдам етуге, сондай-ақ білім алушылармен кері байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Және де білім беру ұйымдары кез келген цифрлық технологияларды еркін пайдалана алатын түлектер шығарады, бұл қоғамды ақпараттандыру дәуірінде өте маңызды болып табылады, өйткені жұмыс орындарын цифрландыру және автоматтандыру үнемі жаңа, неғұрлым жетілдірілген дағдыларды талап етеді.

Сондықтан қашықтықтан оқытуды ұйымдастыратын әр мұғалімнің алдында келесідей негізгі мәселелер тұр:

1. Онлайн-кеңістікте білім беру үдерісін ұйымдастыру.
2. Қажетті әдістемелік әзірлемелерді дайындау.
3. Жаңа педагогикалық идеяларды енгізу үшін қажетті техникамен жабдықтау, т.б.

Қойылған мәселелерді шешу мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша «Оқушыларды қашықтықтан оқытуға педагогтердің дайындығын қалыптастыру» тақырыбында орындалатын ғылыми жоба аясында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми қызметкерлері «Қашықтықтан оқытудағы цифрлық білім беру технологиялары» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арналған курс ұйымдастырып, өткізді. Курс online форматта Zoom платформасында 2021 жылдың 24-мамыры мен 4-маусымы аралығында өтті.

Мақсатты аудитория: Жалпы орта білім беретін мектептер мұғалімдері.

Курстың мақсаты: білім беруді ақпараттандырудың заманауи стратегиялары аспектісінде оқу үдерісінің сапасын арттыратын цифрлық білім беру ресурстарын мұғалімдердің игеруіне ықпал ету.

Курстың міндеттері:

- тыңдаушыларда АКТ-құралдары және оларды білім алушылармен жұмыста қолдану туралы түсінік қалыптастыру;
- оқытылатын пәндердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін түрлі технологиялармен таныстыру;

- интерактивті оқыту қағидаттарына сәйкес келетін бағдарламалық қамтамасыз етулерді тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Сағат саны: 72 сағат.

Курстың мазмұны төрт модульды қамтыды:

1. Білімді бағалауға арналған онлайн қызметтер;
2. Оқу процесі үшін цифрлық контент құру. Оқу контентін (тапсырмалар, презентациялар, т.б.) құруға және жеткізуге арналған құралдар;
3. Ресурстар ұйымдастыру үшін онлайн оқыту (электронды оқулық, онлайн курстар, т.б.);
4. Білім берудегі геймификация технологиялары.

Күтілетін нәтижелер: Цифрлық білім беру технологиялары, графикалық бағдарламалар негізінде модельдеу саласындағы құзыреттер, білім беру платформалары мен заманауи электрондық ресурстар ортасында практикалық дағдыларды игеру, интерактивті тапсырмаларды құру дағдылары және білімді тексеру үшін білім беру қызметтерін пайдалану дағдылары; өз онлайн курсын әзірлеуге шығармашылық көзқарас, педагогикалық қызметте цифрлық технологияларды пайдалану.

Яғни, «Қашықтықтан оқытудағы цифрлық білім беру технологиялары» тақырыбындағы курсын оқыту барысында мектеп мұғалімдеріне білім берудегі цифрлық технологиялармен, платформа, сервис түрлерімен жұмыс жасау әдістемесі көрсетілді.

Осы орайда курс барысында қарастырылған білім беру платформаларына тоқталайық. Google компаниясы ұсынған мынадай қызмет түрлері бар, олар: Google Docs, Google Sheets (Таблица құруға арналған бағдарлама) және Google Slides (Презентация жасауға арналған бағдарлама), Google аккаунт құру, бейнесабақ немесе бейнелекциялар түсіруге арналған OBS, Movavi Video Editor Plus бағдарламаларын орнату, Movavi Video Editor Plus бағдарламасымен жұмыс жасау, бейне контент жасау. Google Form және MS Form платформаларының көмегімен тест құру, Google sites арқылы сайт құру жолдары көрсетілді. Сонымен қатар, презентация жасау әдістемесі, интербелсенді презентация құру, GitMind арқылы интеллект карта немесе mindmap құру, Flip PDF Professional бағдарламасымен жұмыс, электронды оқулық жасау, Canva веб-қызметінде жасалған жұмыс, Miro.com, Jamboard онлайн тақталары, Padlet сервисі, тест, сауалнама, кросворд құру веб-қызметі, Coreapp білім беру материалдарын құрастырудың және білімді тексерудің бейімделген онлайн-платформасы, Nearpod сервисі және т.б. қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруға арналған қажетті платформалар мен сервис түрлерімен таныстырылып, жұмыс жасау жолдары меңгертілді.

Қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруға арналған әртүрлі платформалар мен сервис түрлері К.Миловановтың «IT-тренинг для преподавателей» атты кітабында сипатталған [9]. Солардың бірі, виртуалды тақта (онлайн-тақта) – бұл әр оқушыға өз жұмысын тақтаға орналастыруға, ал мұғалімге әрқайсысына түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет. Мұғалім тақтаны оқу-әдістемелік, бақылау жұмыстарына және басқа да материалдарды орналастыру үшін пайдалана алады. Тақтаға кез-келген материалды (оқу материалдарының презентациялары, суреттер, аудио- және бейнематериалдарды) электронды түрде орналастыруға болады. Білім алушыларға электронды түрде оқу материалдарын онлайн-тақтаға орналастырып, виртуалды кеңістікте жұмыс істеген тиімді.

Padlet сервисі – бүгінде виртуалды тақталарды құрудың ең танымал онлайн құралдарының бірі болып табылады. Оқушылардың меңгерген білімін тексеру үшін осы контентке кіріктірілген ашық және жабық тест сұрақтары орналастырылады. Тестті бір немесе бірнеше дұрыс жауапты сұрақтар, «дұрыс, дұрыс емес» сұрағы, мәтіндік және сандық жауапты енгізу сұрақтарымен құрастыруға болады.

Оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыру мақсатында әртүрлі тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: дұрыс жауапты ретімен орналастыру, пазлдарды дұрыс жауаптарға сәйкес құрастыру, жасырын сөздерді енгізу, тізімде берілген дұрыс жауаптарды таңдау, сөздерді сүйреп тиісті орындарына қою, объектіні белгілеу және т.б.

Сонымен қатар, Canva, Nearpod сервистері де көптеген қызмет түрлерін ұсынады. Мысалы, презентацияларды импорттау, қатысуды бақылау, слайдтар жасау, студент экранында хабар тарату, тесттер, сауалнамалар, пікірталастар, PDF форматындағы егжей-тегжейлі есеп, бейне сілтемелер және басқа ресурстарды беру.

Google Form және MS Form - кері байланыс, онлайн тесттер мен сауалнамаларды құруға арналған онлайн-қызмет.

GitMind – бұл миға шабуыл жасау, жобаларды жоспарлау, әзірлеу, іс-қимыл және басқа да шығармашылық тапсырмалар үшін ақысыз онлайн-ақылды карта жасаушы сервис түрі.

Қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың оқуға деген ынтасының жоғары деңгейін сақтай отырып, оқу процесін қисынды, жүйелі, кешенді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ең тиімді құралдардың бірі бейнесабақтар болып табылады. Оқытуда бейнероликтер мен бейнесабақтарды пайдалану сияқты әдістемелік тәсіл зерттелетін материалды көрнекі етуге мүмкіндік береді және білім алушылардың өзіндік дайындығының жетекші құралы бола алады [10]. Бейне контент жасауға арналған бағдарламалардың бірі – Movavi Video Editor бағдарламасы. Movavi Video Editor – бұл бейнесабақтар түсіруге, арнайы эффектілер мен кадрлық анимациялары бар жарқын бейнелер жасауға арналған бағдарлама түрі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды мәселелердің бірі оқушылардың білім сапасын, материалды игеру дәрежесін бақылау болып табылады. Осы мақсатта жұмысқа ыңғайлы және шартты түрде тегін онлайн қызметтерді пайдалануға болады. Осыған орай, оқушылардың білім сапасын, материалды игеру дәрежесін бақылау үшін тиімді сервис түрі – LearningApps.org сервисі. Сонымен қатар, LearningApps.org бағдарламасы арқылы әр түрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмаларды құруға арналған, игеру өте қарапайым қосымша. Ол арқылы викториналар, кроссвордтар, жұмбақтар мен ойындар дайындауға болады. LearningApps.org бағдарламасында оқушылар өз бетінше жұмыс жасап, мұғалімнің дайындаған тапсырмаларын орындайды, тапсырмалардың нәтижелері мұғалімнің жеке аккаунтында көрінеді [11].

Бүгінгі таңда оқу үдерісінің толық болуы үшін әр мұғалім түрлі электронды білім беру ресурстарын қолдана отырып сабақ дайындап, өткізуі керек, өйткені ақпараттық технологияларды, цифрлық технологияларды енгізу оқу үдерісін жандандыруға, сабақтың қарқынын арттыруға, оқушылардың өзіндік және жеке жұмыстарының көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Кез-келген сабақтарда цифрлық технологияларды қолдану диаграммаларды, кестелерді, презентацияларды құру уақытын үнемдеуге, материалды эстетикалық тұрғыдан безендіруге де мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру курсына 49 мұғалім қатысты. Жүргізген курстың тиімділігін анықтау мақсатында қатысқан олардың арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға сұрақтарына 31 мұғалім толық жауап берді. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігін, яғни 45%-ын 31-40 жас аралығында мұғалімдер құрады, 32%-ын - 30 және одан төмен жастағы мұғалімдер құрады. Сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің 41-50 жас және 51-60 жас аралығындағы саны бірдей болып, сәйкесінше 10%-ды құрады. Ал 60-тан жоғарғы жас шамасындағы мұғалімдер 3%-ды құрады.

Мұғалімдер арасында жұмыс өтілі

- 5 жыл және 5 жылдан төмен - 29%;
- 6-10 жыл - 23%;
- 11-15 жыл - 19%;
- 16-20 жыл – 16%;
- 21-25 жыл - 10%;
- 26-30 және 30-дан жоғары жылдарды – 3%-ды құрады.

Сауалнамаға қатысқан педагогтар ішінде ІТ мамандары – 16%; бастауыш сынып мұғалімдері – 7% және жеке пәндер мұғалімдері – 77%-ды құрады.

Өткізілген курс мазмұнының мұғалімдердің сұраныстарына сәйкес келу деңгейін анықтау үшін мынадай сұрақ қойылды: «Оқу мазмұны сіздің қажеттіліктеріңізге және сұраныстарыңызға қаншалықты сәйкес келді?»

Осы сұрақтарға келесідей жауаптар алдық: «Барлық талаптар сәйкес келді», «Қашықтықта оқуда керекті көптеген бағдарламалармен жұмыс жасаудың жолдарымен таныстым және өзіме керекті мағлұматтармен таныстым. Өте керемет болды», «Өте қажет, күнделікті жұмысымызға көп мағлұмат берді», «Сұраныстарыма толыққанды жауап ала алдым», «Курс мазмұны қазіргі уақыттағы білім беру форматындағы өзекті мәселе болып отырған қашықтан білім берудің сапасын арттыруға тиімді болатын платформаларды танысу біз үшін қуантарлық болды», «Толықтай сәйкес келді, өте пайдалы ақпараттар» және т.с.с. пікірлерін білдірді.

Курстан алған білім мен дағды, алынған ақпараттың қаншалықты тиімді болғандығын айқындау мақсатында мынадай сұрақтар қойылды: «Сіз қаншалықты жаңа ақпарат алдыңыз? Курс сіз үшін қаншалықты тиімді болды, жаңа білім, дағдылар қалыптасты ма?» Осы сұрақтарға берілген жауаптар: «Өте көп ауқымды ақпарат алдым», «Электрондық кітап жасау, онлайн тақтамен жұмыс және сайт құру, интеллектуалды карта жасау, тапсырмаларды түрлендіруді жаңа әдісте жасау жолдарымен таныстым», «Қазіргі цифрлық технологиялар заманында керекті құралдар мен әдістерді қолдануға пайдалы сабақтар жиналған», «Алған мәліметіміз көп, соның ішінде, бұрындары біз естімеген жаңа ақпараттар көп болды», «Әр сабақ мен үшін жаңалық болды» және т.б.

Келесі сұрақ мынадай болды: «Осы оқу курсты оқу барысында алған біліміңіздің пайдасын қалай бағалайсыз?». Алынған жауаптар: «Ақпаратты жеткілікті алдым. Педагогикалық іс-тәжірибеде қолдану өте тиімді болады. Үнемі қайталап отыру керек!», «Өте жақсы», «Жоғары деңгейде бағаладым», «Мектепте қашықтықтан оқытуда осы дағдыларды қолданамын», «Келешекте пайдаланатыныма сенемін», «Әрине үнемі пайдаланамын», «Алған білім мен дағдыны математика сабағында қолдана алатыным – осы курстан алған мүмкіндігім», «Көп мүмкіндік береді», «Сабаққа пайдалануға болатын көп технологиялар алдым», «Әр сабағымда пайдалануға тырысамын» және т.б.

«Сіз өз жұмысыңызда курстан қандай білімді қолданасыз?» деген сұраққа «Видео жасау, онлайн-тақта, электронды кітап, онлайн тесттер мен тапсырмалар құрастыратын бағдарламаларды қолданамын», «Әрбір платформаны ыңғайлы жағынан қолдануға мүмкіндік жасаймын», «Барлық алған білімді қажеттілігіне қарай қолданамын», «Үйренгенімді түгел қолданамын, мен үшін өте пайдалы» деген жауаптар берілді.

«Болашақта қандай білім/дағды алғыңыз келеді?» деген сұраққа келесідей жауаптар алынды: «Робототехника мен пайтон курсы оқысам», «3D сабақтар жасау», «Осы алғанды ары қарай қолдану», «Тағы да мен білмейтін бағдарламалар үйренгім келеді», «Осы тақырып бойынша жалғастырғым келеді. Компьютермен еркін жұмыс істеу. Сабақта білімімізді еркін қолдану», «Көптеген білім алғым келеді», «Осы курста үйренгенімді ары қарай тереңдету», «Жаңа платформаларда жұмыс жасауды игергім келеді», «Қазіргі заманға сай, ғаламтор мүмкіндігін жан-жақты пайдалану» және т.б.

Курс соңында қатысушылар жоба дайындап қорғады және арнайы дайындалған тест сұрақтарына жауап берді. Олардың оқу жетістіктерін бағалауда балдық-рейтингтік жүйені пайдаландық:

50 балдан төмен – мұғалімнің қашықтықтан білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде цифрлық технологияларды пайдалану құзыреттілігі қалыптаспаған.

50-59 балл – дербес компьютер, бағдарламалық өнімдер, компьютерлік желілер (оның ішінде Интернет) туралы білімі аз, оларды педагогикалық қызметте қолдануы минималды рұқсат етілген деңгейге сәйкес.

60-69 балл – мұғалімнің жұмыс кезінде таныс АКТ құралдарын пайдалану қабілетін көрсететін құзыреттілігінің орташа деңгейі. Құзыреттіліктің осы деңгейіне ие мұғалімге негізінен репродуктивті қызмет түрі тән.


70-79 балл – мұғалімнің қашықтықтан білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде цифрлық технологияларды пайдалану қабілетін көрсететін құзыреттілігінің оңтайлы қажетті деңгейіне сәйкес. Яғни заманауи маман үшін АКТ рөлін біледі, теориялық материалдарды меңгерген,

ақпаратты электронды түрде құру, редакциялау, сақтау, көшіру және жіберудің жалпы әдістерін біледі, интернетте ақпарат іздеу дағдыларына ие, бірақ практикалық білігі жеткіліксіз.

80-89 балл – қашықтықтан білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде цифрлық технологияларды саналы, мақсатты және сараланған түрде пайдалануға мүмкіндік беретін мұғалімнің цифрлық технологияларды пайдалану құзыреттілігінің жеткілікті деңгейіне сәйкес. Яғни мәтіндік және сандық деректерді (күжаттар, презентациялар, графиктер, диаграммалар, кестелер, ақыл-ой карталары және т.б.) әр түрлі АКТ құралдарын қолдана отырып өңдей алады, желілік этикетті сақтай отырып, бейнеконференцияны ұйымдастырып жүргізе, іскери хат алмасуды жүргізе алады, іздеу, тиісті ақпарат көздерін таңдау дағдыларына ие, нұсқаулықтарға сәйкес практикалық тапсырмаларды орындай алады.


90-100 балл – мұғалімнің қашықтықтан білім беру үдерісін ұйымдастыруда цифрлық технологиялар саласындағы білімін, өзінің кәсіби қалыптасуында да, оқу-тәрбие үдерісінде де үнемі жаңартылып отыратын цифрлық құралдарын пайдалануға дайындығын көрсететін құзыреттілігінің перспективалық деңгейіне сәйкес. Яғни аналитикалық ойлауы қалыптасқан, күрделі тапсырмаларды тиімді орындай алады, сыни тұрғыдан ойлана алады; білімді бағалауға арналған онлайн қызметтерді, оқу процесі үшін цифрлық оқу контентін (тапсырмалар, презентациялар, графиктер, диаграммалар, инфографика, кестелер, ақыл-ой карталары және т.б.) құруға және жеткізуге арналған құралдарды, онлайн оқытуды ұйымдастыру үшін цифрлық ресурстарды (электронды оқулық, онлайн курстар, және т.б.), білім берудегі геймификация технологияларын меңгерген.

Тестілеудің нәтижесі курсқа қатысқан мұғалімдердің бағдарлама бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес білім, біліктері жақсы деңгейде қалыптасқанын көрсетті (сурет 1).



Сурет 1. Курсқа қатысушылардың білім, білік деңгейі

Курсқа қатысқан 49 адамның 23-і (46,94%) – 70-79 аралығында балл алды, 18-і (36,73%) – 80-89 балл аралығында, ал 8-і (16,33%) – 90-100 аралығында балл алды (сурет 2).



Сурет 2. Курсқа қатысушылардың үлгерімі

Өткізілген курсқа қатысушылардың қалдырған пікірлері мен ұсыныстары арасында: «Осындай курстар оқу жылы басында өткізілсе деген ұсынысым бар», «Осылай курстар көптеп болса деймін», «Оқушылардың цифрлық білім беру ортасында оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру бойынша курстар көбірек өткізілсе екен!» деген жиі кездесті.

Сауалнама барысында алынған мәліметтерден курстың құндылығын, тиімділігін, әрі қазіргі қоғамның сұраныстарын толықтай қанағаттандыратынын байқайдық.

Қорытынды. Зерттеу барысында біліктілікті арттыруға айрықша мән беру керектігі, қазіргі заманғы мұғалімге өзінің кәсіби әлеуетін жан-жақты арттыру үшін үнемі жұмыс қажет екендігі нақтыланды.

Сонымен қатар педагогтардың цифрлық технологиялар саласында өз білім, біліктерін кеңейтуге мүдделілігін және цифрлық дағдыларды дамытуға ұмтылысын анықталды. Бұл ретте, әлі де пысықтауды талап ететін: білім беру үдерісіне қатысушылардың тиімді онлайн-коммуникациясын ұйымдастыру шарттары, цифрлық технологиялар құралдары арқылы білім алушылармен нәтижелі кері байланыс орнату; оқушылардың цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеу кезіндегі іс-әрекеттерін түзету, мінез-құлқын сыни бағалау, оқушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестігін бақылау білігін қалыптастыру; оқушылардың топтық жұмысын және жобалық іс-әрекетін ұйымдастыруда цифрлық құралдар мен сервистердің әлеуетін пайдалану, коммуникацияларды және білім алушыларды тарту сияқты көптеген мәселелер бар екенін айтып өту керек.

Біліктілікті арттыру курстарының тиімділігі жайында айтатын болсақ, үздіксіз білім беру, яғни курстық дайындықтың мазмұны білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметте қолданылып, дамытылып, жалғасын табуы маңызды. Сондықтан курсқа қатысқан мұғалімдер өз проблемалары мен қиындықтары туралы айтып, кеңес ала алу үшін олармен кері байланыс орнату орынды. Мұндай кері байланыс, мысалы, қашықтықтан консультациялық сүйемелдеу түрінде болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері педагогикалық білім беру бағыты бойынша жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жобалау кезінде, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Приказ Министра образования и науки РК О дополнительных мерах по обеспечению качества образования при переходе на дистанционные образовательные технологии на период пандемии коронавирусной инфекции COVID-19; «О внесении изменений и дополнений в приказ Министра образования и науки РК от 20 марта 2015 г. №137 «Об утверждении Правил

организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям» Приказ №141 от 13 апреля 2020 года.

2. Movkebayeva Z., Khamitova D., Kabdyrova A., Akhmetova A., Zholtayeva G., Duzelbayeva A. An exploratory analysis of socio-legal factors related to the distance education learning environment: the case of disabled learners in Kazakhstan // *Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues* 1, Volume 23, Special Issue, 2020 Law, Politics, Economics and Human Rights: Global and National Perspectives 1 1544-0044-23-SI-531

3. Шефер Е.А. Использование цифровых технологий в образовательном процессе / Е.А. Шефер. – Текст : непосредственный // *Молодой ученый*. – 2021. – № 16 (358). – С. 22-25. – URL: <https://moluch.ru/archive/358/79973/> (дата обращения: 31.07.2021).

4. Скибицкий Э.Г., Фадейкина Н.В. Профессионализм педагога — непереносимое условие повышения качества дистанционного обучения. Развитие инновационных технологий обучения в научной школе доктора педагогических наук профессора Э.Г. Скибицкого: Межвуз. сб. науч. тр. / Сиб. ин-т финансов и банк. дела. – Новосибирск, 2006. – С. 6-12.

5. Алексеева У.И. Эффективность цифровых технологий в дистанционном обучении. URL: <https://nsportal.ru/shkola/raznoe/library/2020/06/04/effektivnost-tsifrovyyh-tehnologiy-v-distantsionnom-obucheniі> (дата обращения: 02.08.2021).

6. Андрияшина Л.М., Ломовцева Н.В., Садовникова Н.О., Коновалов А.А., Чебыкина И.В. Готовность педагогов профессионального образования к работе в условиях цифровой образовательной среды // *Современные проблемы науки и образования*. – 2021. – № 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=30563> (дата обращения: 02.08.2021).

7. Сулейменова Т.И. Эффективность цифровых технологий в дистанционном обучении. URL: <https://ru.bilimainasy.kz/21-15-02-05/> (дата обращения: 30.07.2021).

8. Кувырталова М.А. Цифровые технологии в деятельности педагогов современной школы: возможности, риски и их предупреждение // *Цифровизация образования: вызовы современности : материалы Всерос. науч. конф. с международным участием (Чебоксары, 13 нояб. 2020 г.) / редкол.: Р.И. Кириллова [и др.]*. – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – С. 133-136.

9. Милованов К.А. ИТ-тренинг для преподавателей. – М.: Издательство: Издание книг ком, 2020. – 192 с.

10. Сергеева А.А. Потенциал использования цифровых образовательных ресурсов в условиях дистанционного обучения технологии в школе // *Цифровое образование: новая реальность : материалы Всерос. науч. конф. с международным участием (Чебоксары, 16 нояб. 2020 г.) / редкол.: Н.А. Чернова [и др.]*. – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – С. 156-158.

11. <https://learningapps.org/>

References:

1. Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki RK O dopolnitel`nyh merah po obespecheniu kachestva obrazovaniya pri perehode na distantsionnoe obrazovatel`nye tehnologii na period pandemii koronavirusnoi infekcii COVID-19; «O vnesenii izmenenii i dopolnenii v prikaz Ministra obrazovaniya i nauki RK ot 20 marta 2015 g. №137 «Ob utverzhdenii Pravil organizatsii uchebnogo protsessa po distantsionnym obrazovatel`nym tehnologiyam» Prikaz №141 ot 13 aprelya 2020 goda.

2. Movkebayeva Z., Khamitova D., Kabdyrova A., Akhmetova A., Zholtayeva G., Duzelbayeva A. An exploratory analysis of socio-legal factors related to the distance education learning environment: the case of disabled learners in Kazakhstan // *Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues* 1, Volume 23, Special Issue, 2020 Law, Politics, Economics and Human Rights: Global and National Perspectives 1 1544-0044-23-SI-531

3. Shefer E.A. Ispol`zovanie tsifrovyyh tehnologii v obrazovatel`nom protsesse / E.A. Shefer. – Текст: neposredstvenny // *Molodoi ucheny*. – 2021. – №16 (358). – С. 22-25. – URL: <https://moluch.ru/archive/358/79973/> (data obrasheniya: 31.07.2021).

4. Skibitckii E.G., Fadeikina N.V. *Professionalizm pedagoga — nepremennoe uslovie povysheniya kachestva distantsionnogo obucheniya. Razvitie innovatsionnykh tehnologii obucheniya v nauchnoi shkole doctora pedagogicheskikh nauk professora E.G. Skibitckogo: Mezhevuz. sb. nauch. tr. / Sib. in-t finansov i bank. dela. Novosibirsk, 2006. – S 6-12.*

5. Alekseeva U.I. *Effektivnost` tsifrovyykh tehnologii v distantsionnom obuchenii.* URL: <https://nsportal.ru/shkola/raznoe/library/2020/06/04/effektivnost-tsifrovyykh-tehnologiy-v-distantsionnom-obuchenii> (data obrasheniya: 02.08.2021).

6. Andryuchina L.M., Lomovtseva N.V., Sadovnikova N.O., Konovalov A.A., Chebykina I.V. *Gotovnost pedagogov professionalnogo obrazovaniya k rabote v usloviyakh tsifrovoi obrazovatelnoi sredy // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2021. – № 2.* URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=30563> (data obrasheniya: 02.08.2021)

7. Suleimenova T.I. *Effektivnost tsifrovyykh tehnologii v distantsionnom obuchenii.* URL: <https://ru.bilimainasy.kz/21-15-02-05/> (data obrasheniya: 30.07.2021).

8. Kuvyrtalova M.A. *Tsifrovyye tehnologii v dejatel'nosti pedagogov sovremennoi shkoly: vozmozhnosti, riski i ih preduprezhdenie // Tsifrovizatsiya obrazovaniya: vyzovy sovremennosti: materialy Vseros. nauch. konf. s mezhdunarodnym uchastiem (Cheboksary, 13 nojab. 2020 g.) / redkol.: R.I. Kirillova [i dr.] – Cheboksary: ID «Sreda», 2020. – S. 133-136.*

9. Milovanov K.A. *IT-trening dlja prepodavateley. – M., Izdatel'stvo: Izdanie knig kom, 2020. – 192 s.*

10. Sergeeva A.A. *Potencial ispolzovaniya tsifrovyykh obrazovatel'nykh resursov v usloviyakh distantsionnogo obucheniya tehnologii v shkole. // Tsifrovoe obrazovanie: novaya real'nost': materialy Vseros. nauchno -metodocheskoj konferentsii s mezhdunarodnym uchastiem. – Cheboksary: ID «Sreda», 2020. – S. 156-158.*

11. <https://learningapps.org/>

ӘОЖ 378.24

МРНТИ 14.07.01

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.15>

А.Н. Галиева¹, Ж.Т. Калиева¹

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған қ., Қазақстан

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРДА ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Инклюзивті білім беруді қамтитын заманауи білім беру жүйесі мұғалімдердің кәсіби қызметіне педагогикада қалыптасқан көзқарасты қайта қарастыруды мақсат етеді. Инклюзивті білім беру даму мүмкіндіктері қалыпты балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бірлесіп оқытуды және оларға тең қолжетімділікті көздейді. Тиісінше, жалпы білім беретін ұйымдарда жұмыс жасайтын педагогтардың инклюзивті құзыреттілігінің мазмұнына ерекше мән беріледі.

Мақалада инклюзивті білім берудің ерекшеліктері мен оны педагогикалық практикада жүзеге асыру мүмкіндіктері, инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Еркін аулындағы Е. Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектеп мұғалімдерімен «Педагогтың инклюзивті дайындығының өзін-өзі бағалауы» сауалнамасын (авторы И.В. Возняк) жүргізген. Осы жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім беру, құзыреттілік, педагогтың инклюзивті құзыреттілігі, сауалнама.

Галиева А.Н.¹, Калиева Ж.Т.¹
¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова
г. Талдықорган, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНКЛЮЗИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ, РАБОТАЮЩИХ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Аннотация

Сегодня отечественная система образования претерпевает значительные изменения, связанные с социально-экономическими, политическими, духовно-культурными изменениями в обществе. Процессы происходящие в нашем мире, такие как глобализация, рост конкуренции экономических систем, интеграция, требуют системных изменений в сфере образования, которые являются одним из ключевых факторов развития общества. Инклюзивное образование нацелено на совместное обучение и равный доступ к нормальным детям и детям с особыми образовательными потребностями.

В данной статье посвящена особенностям инклюзивного образования и возможности его реализации в педагогической практике, особенности формирования педагогической компетентности в условиях инклюзивного образования. Авторы провели анкету «Самооценка инклюзивной подготовки педагога» (автор И.В. Возняк) с учителями средней школы №11 им. Е.Берликожаулы, г. Талдықорган, Алматинской области. По результатам данного опроса даются рекомендации.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, компетентность, инклюзивная компетентность педагога, анкетирование.

A.N. Galieva¹, Zh.T. Kalieva¹
¹Zhetysu university named after I. Zhansugurov
Taldykorgan, Kazakhstan

FEATURES OF THE FORMATION OF INCLUSIVE COMPETENCIES OF TEACHERS WORKING IN GENERAL EDUCATION ORGANIZATIONS

Abstract

The modern education system, which includes inclusive education, requires a rethinking of the existing approach to the professional activities of teachers in pedagogy. Inclusive education provides for co-education and equal access to normal children and children with special educational needs. Accordingly, special importance is attached to the content of inclusive competencies of teachers working in general education organizations.

The article discusses the features of inclusive education and the possibilities of its implementation in pedagogical practice, the features of the formation of pedagogical competence in the context of inclusive education. The authors conducted a questionnaire "Self-assessment of inclusive teacher training" (author I.V. Wozniak) with teachers of secondary school No. 11 named after E.Berlikozhauula, Taldykorgan, Almaty region. Recommendations are made based on the results of this survey.

Keywords: children with special educational needs, inclusive education, competence, inclusive competence of the teacher, questionnaire.

Кіріспе. Бүгінгі таңда қоғамда әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-мәдени өзгерістерге байланысты білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Осындай өзгерістердің бірі мүмкіндігі шектеулі адамдардың әртүрлі санаттарының қоғамдық құндылықтарының бірі ретінде білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, қоғамдық кемсітушілік кедергілерін еңсеру және «әртүрлі теңдей» қоғамдастықты дамыту идеяларын дамыту болды. Оқытудың тиімділігін ескеру, балалардың танымдық қабілеттілігі мен ойлау дағдысын қамтамасыз ететін жаңа білім

беру тұрғысына ауысу, құзыреттілікті қалыптастыра отырып білім беруді жаңғыртудың стратегиялық бағыттары болып табылады.

Инклюзивті білім беру тәжірибесін жүзеге асыруда «Қазіргі таңдағы білім ордасы қандай болуы керек?», «Жалпы білім беретін ұйымдарда қызмет ететін мұғалімдердің инклюзивті құзыреттіліктері қалай қалыптасады?» деген сұрақ қазіргі таңда өзекті болып отыр. Бір жағынан, мектеп ойлауды және оқуды үйретуі керек, екінші жағынан – белгілі бір әлеуметтік және мәдени құндылықтарға сәйкес келетін жеке сипаттамаларды қалыптастыруы қажет.

Бұл тұрғыда қазіргі заманғы білім беруді дамытудың парадигмасы, белгілі бір әлемдік бренд ретінде инклюзивті білім беруді қарастыруға болады, себебі бұл білім беру парадигмасы білім алушылардың барлығына өзіндік білім беру қажеттіліктері мен жеке даму мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алу қолжетімділігіне жол ашады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Инклюзивті білім беру көп мәдениетті білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тек мамандардың ғана емес, сонымен бірге қоғамның назарын аударатын педагогикалық білімнің салыстырмалы түрде жаңа саласы. Қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен білім беру практикасының осы бағытының дамуы әлеуметтік өмірді демократияландыру және ізгілендіру процестерінің маңыздылығымен, жеке адамға құрметпен қарауды, әр адамның қадір-қасиеті мен құқықтарын қорғауды дамытатын қоғам құруға деген ұмтылыспен байланысты. Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мәселесі бойынша И.Н. Хафизуллина, И.А. Романовская, О.С. Кузьмина, З.А. Мовкебаева, Р.А. Сүлейменова, И.А. Оралқанова және т.б. ғалымдардың әдістемелері бар.

Кез-келген адамға дене, рухани және рухани дамудың бірлігі ретінде өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану мүмкіндігін беретін білім қажет. Мұны адам мен қоғамның тұрақты диалогы мен белсенді өзара әрекеті, өмір бойы және қызмет барысында мәдениетке қосылу процесінде ғана қамтамасыз етуге болады.

Осылайша, барлығына және әрқайсысына арналған парадигма еліміздің маңызды үдерістердің бірі болып саналады. Бұл балалардың барлық даралық ерекшеліктеріне сүйене отырып ұйымдастырылатын, сонымен қатар мұғалімдерді, ата-аналарды және көмекші профиль мамандарын қосатын ең қол жетімді және тиімді білім беру кеңістігін құруды талап етеді.

Бұл өзгерістердің негізгі субъектілерінің бірі – инклюзивті процесті құруға және қолдауға қабілетті мұғалім. Оның кәсіби қызметіне қандай талаптар қойылуы мүмкін? Оның кәсіби және жеке дамуында не өзгеруі мүмкін және өзгеруі керек? Осы және басқа да мәселелер бұдан әрі қаралатын болады.

Инклюзивті оқытуды іс жүзінде жүзеге асыру үшін материалдық базамен ғана емес, сонымен қатар қоғам мүшелерінің әртүрлі ұстанымдарымен, ең алдымен мұғалімдердің кәсіби қызметін жаңа жағдайда жүзеге асыруға дайын еместігімен байланысты бірқатар мәселелерді шешу қажет. Мүмкіндігі шектеулі баланың білім беру мекемесін еркін таңдауға құқығы бар екенін ескере отырып, әрбір мұғалім инклюзивті құзыреттіліктің белгілі бір деңгейіне ие болуы керек.

Инклюзивті білім беру әдістемесі және оны педагогикалық тәжірибеде қолдану жолдарын зерттеуге көптеген ғалымдар атсалысуда [1,2,3], дегенмен де, мамандардың инклюзивті білім берудегі тәжірибесін жетілдіруге бағытталған біршама ғылыми еңбектердің барына қарамастан, педагогтың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты мәселелер әлі де болса терең зерттеулерді қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері. Жалпы Қазақстанда 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру жүзеге асырылып келеді, алайда, басқа елдердегідей экономикалық-әлеуметтік сипаттағы, сондай-ақ инклюзивті білім беру үдерісін сүйемелдеу тұсының жеткіліксіз ұйымдастырылуымен ұштасатын психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы мәселелермен бетпе-бет келіп отыр.

Білім беру ұйымдары педагогтерінің білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруге дайындық деңгейін анықтау мақсатында «Педагогтың инклюзивті дайындығының өзін-өзі бағалауы» сауалнамасы (авторы И.В. Возняк) Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Еркін

аулындағы Е.Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектеп мұғалімдерімен өткізілді. Мұғалімдерден өздерінің проективтік, аналитикалық-болжамдық және қарым-қатынас дағдыларын 5 балдық шкала бойынша бағалау сұралды. Сауалнама нәтижелері педагогтердің 84,4% (49 адам) мүмкіндігі шектеулі балалармен кәсіби жұмыс тәжірибесінің бар екенін көрсетті. Жас педагогтардың 6,8% (4 адам) арнайы педагогика және психология саласында арнайы білімі жоқ. Мұғалімдердің көпшілігі 84,4% (49 адам) инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мәселелері бойынша кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларынан өту кезінде үнемі өздерінің кәсіби деңгейлерін арттырады. Ең көп біліктілікті арттыру курстарымен бастауыш сынып мұғалімдері 56% (32 адам) және педагог-логопедтер (дефектологтар) 29% (17 адам), ең азы - пән мұғалімдері 8,6% (5 адам) және жас педагогтар 6,8% (4 адам) қамтылған.

Сауалнама сонымен қатар мұғалімдердің инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық құжаттарын, әртүрлі нозологиялық топтардағы студенттердің даму ерекшеліктерін және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы оқу жағдайларын ұйымдастыруды білуге бағытталған. Педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттарды білуінің жеткіліксіз деңгейін 6,8% (4 адам) көрсетті. Педагогтердің 86,2% (50 адам) мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық дамытуға оқытудың заманауи тәсілдерімен танысты. Педагогтердің әртүрлі нозологиялық топтардағы балалардың даму ерекшеліктері туралы өз білімдерінің өзін-өзі бағалауы (есту, көру, эмоциялық-еріктік саласы, тірек - қимыл аппараты, сөйлеу, ақыл-ой кемістігі бар балалар) педагогтердің 74,1% (43 адам) жоғары білім деңгейіне ие екендігін, орташа деңгей 18,9% (11 адам) және 6,8% (4 адам) төмен екенін көрсетті. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың арнайы жағдайларын білу 82,7% (48 адам). Педагогтарды жоғары деңгейде, 12% (7 адам) - орташа және 5,1% (3 адам) - төмен деңгейде бағалады.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы оның құзыреттілік тәсіл теориясына қосқан үлесі арқылы анықталды. Қазіргі таңда кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесінің ұғымдық аппаратына «болашақ мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігі» ұғымы енгізілген, зерттеудің теориялық бөлімінде оның мәні, құрылымы анықталды, қалыптасу критерийлері мен деңгейлері анықталды. Алынған нәтижелер мұғалімдерді инклюзивті оқытуды жүзеге асыруға даярлау мәселесін одан әрі дамыту үшін теориялық негіз болды.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы – болашақ мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген және эксперименттік дәлелденген моделі болашақ мұғалімдерді инклюзивті оқытуды жүзеге асыруға дайындаудың тиімділігіне ықпал етеді. Әзірленген және сынақтан өткен диагностикалық әдістемелер кешені жоғары мектеп оқытушыларына болашақ мұғалімдердің инклюзивті құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін диагностикалауға мүмкіндік береді.

Талқылау. Педагогтердің 74,1% (43 адам), орта деңгейде - 18,9% (11 адам), ал төмен деңгейде - 8,6% педагогтердің жоғары деңгейде бейімделген негізгі жалпы білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайын екендігін көрсетті. Педагогтердің көпшілігі (81%) білім алушының психофизикалық дамуын және баланың жеке мүмкіндіктеріне назар сала отырып, пән бойынша жеке дамыту бағдарламасын әзірлей алатындығы анықталды, бірақ педагогтердің 6,8%-ы қажетті тәжірибенің жеткіліксіздігіне байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға жеке дамыту бағдарламаларын құрастыруда қиындық көреді екен. Педагогтердің 86,2% (50 адам) өзінің кәсіби қызметінде заманауи психологиялық-педагогикалық жұмыс әдістерін пайдалана алатындығы белгілі болды. Алайда, педагогтердің 12%-на (7 адам) білім беру үдерісін жүргізуде және мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде қиындықтар туындайды, және педагогтердің 6,8%-ы, ал бұл жас мамандар мен педагогтар инклюзия жағдайында білім беру процесін жобалауда қиындықтарға тап болады екендігін көрсетті. Педагогтердің 82,7%-ы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мәселесінде жоғары білім деңгейін көрсетті, 63,6%-ы кәсіби өзара іс-қимылды ұйымдастыру тәсілдері мен тәсілдерін меңгергендігін оң бағалады. Мұғалімдердің аз бөлігі (12%) мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру процесіне қосудың формалары мен әдістерін таңдауда қиындық тудырады. Сондай-ақ, басқандай себептерге (сыныптарда бала санының толып кетуі, материалдық базаның жеткіліксіздігі, арнайы мамандардың болмауы, түрлі деңгейлі бағдарламалардың

болмауы және т.б.) және субъективті себептерге байланысты педагогтердің инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға әдістемелік дайындығының төмендігі орын алып отыр.

Тиісінше, инклюзия мұғалімнен жаңа кәсіби құзыреттер мен жеке қасиеттерді қалыптастыруды талап етеді. Әрине, мұғалім қазіргі білім беруді реформалаудың негізгі тұлғасы. Білім берудегі өзгерістер мұғалімнің өзі және оның өзіндік дамуы белсенді инновациялық белсенділікпен ғана мүмкін болады.

Педагогтердің кәсіби көзқарастары мен олардың кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейінің өзгеруі білім беру жүйесін инклюзия процесін іске асыруға дайындаудың бастапқы және маңызды кезеңі болып табылады.

Жалпы білім беретін мекеме мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайын еместігі инклюзивті білім беруді дамытудың алғашқы кезеңдерінде (кәсіби, психологиялық және әдістемелік) өзекті болып отыр, инклюзивті ортада мұғалімдердің инклюзивті құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігі, психологиялық кедергілер мен мұғалімдердің кәсіби қалыптасқан көзқарасының болуы байқалады. Инклюзияның түсінігі бар мұғалім, инклюзивті қағидаттарды табысты іске асырудың және оларды педагогикалық практикаға енгізудің басты шарты екені сөзсіз.

«Норвегиядағы интеграцияланған оқыту саясаты» атты ғалым Г.Стангвиктің мақаласынан ой білдіру ұсыну орынды. Оның айтуынша: «инклюзия идеясы шынымен де жұмыс істеуі үшін ол мұғалімдердің ақыл-ойын игеріп, олардың кәсіби ойлауының ажырамас бөлігі болуы керек». Бұл өз кезегінде соңғысын өзгерту үшін арнайы күш салу қажеттілігін білдіреді [4, 101 б.].

Инклюзивті білім беру жағдайында Кузьмина О.С. іс-әрекетті ұйымдастыратын мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі құрылымында негізгі екі компонентті анықтайды: мазмұнды және ұйымдастырушылық.

Мазмұнды компонентке:

- инклюзивтік білім беру маңыздылығын ұғыну, балалардың жеке тұлғалық дамуының психологиялық-педагогикалық қағидасы мен даралығын білу, оларды анықтай білу;
- білім беруді қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерін қолдана білу, МШ балаларды дамуы қалыпты балалармен бірге оқыту үшін оқу үдерісін жобалау;
- инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру жағдайында қолайлы орта құру және балалардың білім алуы үшін арнайы білім беру ресурстарымен жұмыс жүргізу;
- қалыпты және МШ балаларды оқыту кезеңінде кәсіби білім алуды жүзеге асыру.

Ұйымдастыру компонентіне:

- оқу үдерісінің кәсіби тұрғысынан шешу бойынша қызметке кірісу;
- проблематизация;
- нақты мақсаттар қою және жобалау;
- атқарлатын жұмыстың рефлексиясы

Болашақ ұстаздардың инклюзивті құзіреттілігін қалыптастыру мәселесін өзінің авторефератында И.Н. Хафизуллина зерттеген болатын. Ол МШ баланың жалпы білім беру мекемесінде білім алуы арқылы баланы дамытуына мүмкіндік береді деп санайды. [5, 11 б.].

Сондай-ақ З.А. Мовкебаева, даму мүмкіндігі шектеулі әрбір баланың өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес болашақ педагогтерде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру; дараландырылған оқытудың арнайы әдістерін қолдану; инклюзивтік ортада даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды табысты оқыту мен дамытуды қамтамасыз ететін дидактикалық материалдарды жасау қажеттілігін атап өтті [6, 94 б.].

И.А. Оралқанованың пікірінше инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімнің жұмысқа психологиялық дайындығы құрылымына құндылық бағдары, тұлғаны ынталандыру, толеранттылық, эмпатия, педагогикалық оптимизм кіреді [7, 57 б.].

Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытумен айналысатын мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне ұсынылатын талаптарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда көрсетілгендей [9,10,11,12,13,14,15], құзыреттілік тәсілге бағдарлану педагогтарды даярлаудың маңызды ерекшелігі болып есептеледі. Бұл тәсіл білім берудің түпкілікті нәтижесі ретінде түлектердің білімі, дағдылары мен дағдыларының жиынтығын емес, негізгі құзыреттердің болуын анықтайды:

- академиялық (жаңа білімді меңгеруді анықтайтын);
- әлеуметтік-жеке (қоғам мен мемлекеттің идеологиялық және моральдық
- мұраттарын ұстану мүмкіндігін қамтамасыз ету);
- кәсіби (мәселелерді негіздеуге, міндеттерді қоюға және шешу жолдарын
- анықтауға, жоспар дайындау және олардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін).

Қорытынды. Инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыру үшін аналитикалық-болжамдық, проективтік, түзету-педагогикалық және коммуникативті дағдылар жиынтығы ретінде белсенділік компоненті қарастырылады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайындалып жатқан мұғалім кәсіби және құндылық бағдарларының келесі жүйесін қабылдауы керек, оның ішінде бұзылудың ауырлығына қарамастан адамның жеке басының құндылығын мойындау; білім беру нәтижесін алуға ғана емес, тұтастай алғанда дамуында ауытқуы бар адамның жеке басын дамытуға баса назар аудару; мәдени тасымалдаушы ретінде жауапкершілікті сезіну;

Қазіргі заманғы мұғалімдер жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясын жақсы біледі, дегенмен инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асыру мақсатында арнайы педагогика негіздерін, бала дамуының психофизиологиялық ерекшеліктерін, компенсаторлық қызмет жұмысының мазмұнын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды қолдау және оңалту жолдарын білуі маңызды. Сондықтан біз бұл білімді мұғалімнің инклюзивтік құзыреттілігінің мазмұнына енгіземіз.

Осылайша, инклюзивті білім беру жағдайында мұғалім келесі дағдыларды қамтуы керек деп санаймыз:

- мұғалімнің әр адамның құндылығын түсінуі және қабылдауы;
- болашақта мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамның толық мүшесі ретінде қалыптасу
- үшін инклюзивті білім берудің маңыздылығын түсіну;
- инклюзивтік білім беру процесін жүзеге асырудағы терең тұлғалық қызығушылық;
- оқушылар ұжымында қоғамның тең құқылы мүшелері ретінде мүмкіндігі шектеулі
- балаларға деген сенім, мейірімділік атмосферасын құруға ұмтылу;
- арнайы педагогика негіздерін, бала дамуының психофизиологиялық ерекшеліктерін,
- компенсаторлық қызмет жұмысының мазмұнын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды қолдау және оңалту жолдарын білу;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың қағидаларын, технологиялары мен
- тәсілдерін, туындайтын психологиялық-педагогикалық кедергілерді шеше білу;
- инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық іс-әрекет рефлексиясына
- қабілеттілік;
- инклюзивті мектептің педагогикалық процесінде нақты кәсіби міндеттерді шешу
- қабілеті;

Мұғалімнің жоғарыда аталған психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерді игеруі оның инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға кәсіби дайындығын анықтайды.

Жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдердің инклюзивтік құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары төмендегідей жүзеге аспақ:

2. Duration of familiarity with the children (long-term observation of the child's behavior in different situations).

3. analysis of the child's behaviour in that area of activity which most corresponds to his or her abilities and interests (participation in specially organised object and play lessons, participation in various thematic activities).

4. the use of teaching methods in which a certain developmental impact can be organised and the child's psychological "barriers" can be removed.

5. Assessment of the characteristics of a gifted child in relation to the real level of his/her intellectual development, as well as taking into account the pace of development in the near future (based on the development of individual learning trajectories of gifted children).

6. Emphasis on explicit psycho-identification methods assessing a child's actual behaviour in a real situation, including action-results analysis, observation, interviews, expert assessments of teachers and parents, and natural experience.

Reference:

1. Law of the Republic of Kazakhstan "On Education". – Almaty: Jurist, 2007.
2. President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev's Address to the People of Kazakhstan "Social and Economic Modernisation - Main Direction of Development of Kazakhstan". – Astana, 2012, 27 January.
- 3 J. Reale, D. Anticeri *Western Philosophy: From Origins to the Present*. – Almaty, 2012. – 167 p.
- 4 Matyushkin A.M. *Development of Creative Activity of Schoolchildren*. – M.: Pedagogics, 1991. – 155 p.
- 5 Turgunbayeva BA *Andragogy: a textbook*. – Almaty: Alatau, 2011. – B. 62.
- 6 Rysbaeva AK *Methodology of development of activity as a category of pedagogy: diss. ... doctor of pedagogical sciences*. – Almaty, 2006. – 335 p.
- 7 Elmira A., Aitenova, Alua A. Smanova, Aktoty T. Akzholova, Almash T. Turalbayeva, Zhanil K. Madaliev, Ulzharkyn M. Abdigapbarova *Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute. ASTRA Salvensis, an VII, numâr 13, 2019*. – P. 345-356
- 8 Vulfov B.Z., Kharkiv V.I. *Pedagogy of reflection*. – M.: NB Master, 1997. – 115 p.
- 9 Kharkin V.N. *Pedagogical improvisation: theory and methodology*. – Moscow: NB Magister, 1992. – P. 15.
- 10 Savenkov A.I., *Pedagogical psychology: in 2 vols*. – M.: Academy, 2009. - Vol.1. – 415 p.
- 11 Leites N.S. *About mental devotion*. – M.: Издательский центр «Академия», 1960. – 214 с.

Reference:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңы. – Almaty: YUrist, 2007.
- 2 Elbasi N. Nazarbaev "Intellectualdi ылt - 2020" ылtтиқ бағдарlamasi 2020.
- 3 Gershunskii B.S. *Filosofiya obrazovaniya dlya HHI veka*. – M., 2002. – 508 s.
- 4 Matyushkin A.M. *Razvitie tvorcheskoï aktivnosti shkolnikov*. – M.: Pedagogika, 1991. – 155 s.
- 5 Leontev A.N. *Pedagogika i psihologiya. «SHkola 2100». Puti modernizacii nachalnogo i srednego obrazovaniya / pod red. A.A. Leonteva*. – M.: Balass, 2002. - Vip. 6. – S. 258-265.
- 6 Haken G. *Taini vospriyatiya. Sinergetika kak klyuch k mozgu*. — Izhevsk: IKI, 2002. – 272 s.
- 7 Мұқанов M.I. *ZHas zhәне pedagogikalіқ psihologiya*. – Almaty, 1982. – 248 b.
- 8 B.Z. Vulfov, V.I. Harkin *Pedagogika refleksii*. – M.: NB Magistr, 1997. – 115 s.

9 Harkin V.N. *Pedagogicheskaya improvizatsiya: teoriya i metodika*. – М.: NB Magistr, 1992. – S.15.

10 Savenkov AI, *Pedagogical psychology: in 2 vols.* – М.: Academy, 2009. - Vol.1. – 415 p.

11 Leites N.S. *Ob umstvennoi odarennosti*. – М.: Izdatelskii centr «Akademiya», 1960. – 214 s.

12 Turalbayeva A.T., Sultanbek M., Utyupova C.E., Aidarov B.Zh., Elmira Uaidullakzy, Zh.Zhumash, Huseyin Uzunboylu *The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles the general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles Ponte International Journal of Sciences and Research Florense, Italy Vol. 73. № 4. Apr 2017. – P. 239-251.*

ӘОЖ 378.015.3
МРНТИ 14.39.09

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.19>

С.Х. Нишанбаева^{1*}, С.З. Нишанбаева,² Л.Алимбекова³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Алматы университеті, PhD, Алматы қ., Қазақстан

³Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

«STEM» БІЛІМ БЕРУДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада «STEM» аббревиатураларының, кілттік компоненттерінің мазмұны, құрылымы түсіндіріледі. «STEM» білімнің даму тарихы үш кезеңге бөліп қарастырылады. Ең алдымен, STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) -1990жылы пайда болған; екінші - STREAM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) 2000 жылдары жүзеге асты, ал үшінші кезеңі 2016 жыл STREAM бұл, арт ғылымы, жасанды интеллект жұмыстарын жоспарлайтындығы негізге алынады. STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. S – ғылым, ғылыми түсінік (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics) компоненттерінің бастауыш сыныптарда білім беру үдерісін ұйыдастырудағы тиімділігі баяндалады. Сонымен қатар мақалада «STEM» тапсырмаларын жобалау ережелерін ұсынамыз. Олар: оқыту, күрделі мақсат қою, талдау, таңдау, өзін-өзі басқару, жеке тұлғалық сапа, траектория. «STEM» тапсырмаларын пайдалану арқылы оқушылардың өзін-өзі шығармашылықпен басқаруы басты назарға алынады.

Түйін сөздер: S – ғылым, ғылыми түсінік (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics), STEM, STREAM, STEAM, робототехника, арт педагогика.

Нишанбаева С.Х.^{1*}, Нишанбаева С.З.², Алимбекова Л.³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²Университет Алматы, г.Алматы Казахстан

³Международный казахско-турецкий университет им. Ясауи, г. Туркестан, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ «STEM» ОБРАЗОВАНИЕ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Аннотация

В статье объясняется содержание, структура аббревиатур, ключевых компонентов. «STEM». История развития образования» STEM " делится на три периода. Прежде всего, STEAM (наука, технологии, инженерия, искусство и математика) -появился в 1990 году; второй - STREAM (наука, технологии, робототехника, инженерия и математика) – был реализован в 2000 году, а третий

этап – 2016 год Stream – это, исходя из того, что Art Science планирует работу по искусственному интеллекту. Является интегратором четырех компонентов STEM. Излагается эффективность компонентов S – наука, научное понимание (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics) в организации образовательного процесса в начальных классах. Также в статье мы предлагаем правила оформления заданий «STEM». Это: обучение, постановка сложных целей, анализ, выбор, самоуправление, личностные качества, траектория. Основное внимание уделяется творческому самоуправлению учащихся с использованием заданий «STEM».

Ключевые слова: S-наука, научное понимание (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics), STEM, STREM, STEAM, робототехника, арт педагогика.

Nishanbayeva S.^{1} Nishanbaeva S.Z.² Alimbekova L.³*

¹Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

²University Almaty, Almaty, Kazakhstan

³Khoja Akhmet Yassawi International KazakhTurkish University (Kazakhstan, Turkestan),

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF EDUCATION «STEM» IN PRIMARY SCHOOLS

Abstract

The article explains the content, structure of abbreviations, key components. "STEM". The history of the development of the "STEM" education is divided into three periods. First of all, Steam (science, technology, engineering, art and mathematics) -appeared in 1990; the second - strem (science, technology, robotics, engineering and mathematics) - was implemented in 2000, and the third stage-2016, the stream is based on the fact that art Science is planning work on artificial intelligence. It is an integrator of the four components of the STEM. The article describes the effectiveness of the components c-science, scientific understanding (science), T – technology (technology), Electronic engineering (engineering), m – mathematics (mathematics) in the organization of the educational process in primary classes. Also in the article we offer the rules for completing the "STEM" tasks. These are: training, setting complex goals, analysis, choice, self-management, personal qualities, trajectory. The main attention is paid to the creative self-management of students using the "STEM" tasks.

Keywords: science, scientific understanding (science), T-technology(technology), Electronic (engineering), m-mathematics(mathematics), STEM, STREM, STEAM, robotics, art pedagogy.

Кіріспе. Ақпараттандырудың қазіргі заманғы қарқыны, білім беру жүйесін жаппай цифрландыру және оның парадигмасын қайта құру оқыту тәсілдерінің өзінде ажырамас өзгерістерге алып келеді. Білім берудің жылдам өзгеретін үрдістері және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың белсенді дамуы оқытудың кешенді тәсілдерін өзектендіреді. Жасанды интеллект пен киберфизикалық жүйелерді адамзат өміріне енгізу болып табылатын Төртінші өнеркәсіптік революция білім беру жүйесін бүгінде қайта құруды талап етеді. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2019 жылғы баяндамасында жасанды интеллект пен машиналық оқытуды енгізу кезінде негізгі тәуекелдердің ықтимал күшеюі атап өтілді. Ендеше бұл ретте жасанды интеллект STEM білім берудің мәнімен сәйкестендіріледі, ал машиналық оқыту инженерия, робототехника элементтері бойынша сәйкестенеді деп ойлаймыз.

Осы орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің еңбектерінде: «Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді», – деп көрсетеді [1].

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге

асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM элементтерді енгізу жоспарланып, жүзеге асырылып келеді [2].

Мұндағы негізгі идея, бастауыш сыныптардағы STEM білім берудің ерекшеліктері: – пәндер бойынша емес, «тақырыптар» бойынша интеграцияланған оқытуды көздейді. STEM оқыту – пәнаралық және жобалық тәсілді біріктіреді, оның негізі жаратылыстану ғылымдарының технологияға, инженерлік шығармашылыққа және математикаға, олардың біріккен шеңбері көркем еңбек арқылы интеграциялану болады. STEM білім беруде бастауыш сыныптар бойынша интеграцияланған тақырыптар желісі бізге оның компоненттерін реттеп беруге өз көмегін тигізеді. Бұл тұста жалпы өмір сүруде ғылыми-техникалық білімді қолдану арқылы дағдының дамуы, STEM компоненттері арқылы сыни ойлауға үйрену, өздігінен проблемаларды шеше білу, топтық, жұптық жұмыстарда көшбасшылық таныту, сондай-ақ техникалық пәндерге деген мотивтерін күшейту және зерттеушілік дағдыларын т.б. білім берудегі негізгі әрекеттерді алға шығарамыз. Алайда бұның барлығы дерлік бастауыш сыныптарда көркем еңбек сабақтарында жүзеге асырылса, өз тиімділігін көрсетері анық.

STEM білім берудегі негізгі категориялар ғылыми түсінік, математика, көркем еңбек, жаратылыстану бола алады. Ендеше біз, бастауыш білім беру саласындағы ғалымдардың еңбектеріне талдау жасадық. Оларды келесідей жіктеледі:

- бастауышта оқушы тұлғасын дамыту: Р.Қоянбаев [3], Т.Сабыров [4], А.Жұмабаева [5], А.Амирова [6], А.Тұралбаева [7] және т.б.;

- бастауыш сыныптарда математиканы оқыту Т.Қ. Оспанов [8], А.А. Қыдырбаева [9], Ж.Т. Қайыңбаев [10], А.Б. Ақпаева [11], Л.А. Лебедева [12] және т.б.;

- бастауыш білімдегі дүниетану және жаратылыстану: Қ.А. Аймағамбетова [13], А.Х. Аренова [14] және т.б.

Теориялық білімді сақтауға және дамытуға сыныптан тыс сабақтар мен білім қолданбалы сипатқа ие болатын бағыттар бойынша үйірмелер көмектеседі, ал еңбек сабақтарында (жақында – технология) ұлдар ағаш ұстасы, ал қыздар тігіп, тамақ дайындауы белгілі. Ендеше біз, тақырыбымызға сәйкес STEM білім берудің шығу тарихы, дамуы, артықшылықтары жайлы талдайтын боламыз.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Бүгінгі таңда оқуға деген көзқарас та, оқушылардың біліміне қойылатын талаптар да өзгерді. Мектептерде балаларға зерттеу мен ашуға деген табиғи құмарлықты оятатын тәжірибеге бағытталған шешімдер пайда болды. Мұғалімдер нақты өмірден алынған нақты мәселелерді шешу үшін пәнаралық және бес ғылыми саланы бірыңғай оқыту жүйесіне біріктіруге негізделген STEM білім беру практикасына көбірек жүгінеді. Ендеше біз, қазіргі таңдағы практикамызда қолданыста жүрген STEM білім берудің жалпы тарихи дамуына да талдау жүргізейік.

Қазақстанда STEM білім беруді белсенді дамыту басталды. Жаңа білім беру саясатын іске асыру үшін жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерін оқу бағдарламаларына енгізу жоспарлануда.

STEM оқытудың негізінде жүйелік-әрекеттік тәсіл, оқушылардың өзіндік зерттеу жұмысында қызмет атқарады. STEM-білім беру бүгінде көршілес Ресей мектептерінде белсенді қолданылады, бірақ көбінесе мұнда басқа да терминдерді, мысалы, жобалық қызметті қолдануды үйренеді. Білім беруге сәйкес жобаны құру мультиөнімдер пен пәнаралық байланысты қамтиды.

STEM оқыту кезінде балалар әртүрлі салалардағы білімдерін қолданады: Математика және басқа да нақты ғылымдар, Инженерия, дизайн, сандық құрылғылар мен технологияларды қолданады.

STEM – бұл бастауыш сынып оқушыларына кез-келген қиындықтағы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін әмбебап тәжірибеге бағытталған тәсіл. Әсіресе, көркем еңбек сабақтарында балалар өз білімдерін іс жүзінде жүзеге асыра алады. Кез-келген өндірістік немесе

тұрмыстық мәселені шеше отырып, көптеген салалардан білім жинауға мүмкіндік алады. Ғылыми түсінікті күнделікті білім қорына жинау қазіргі мектепте пайдалы және қажет.

Біртіндеп жеке пәндер шеңберіндегі білім өзектілігін жоғалтуы да мүмкін және бұл кездейсоқ емес. Ақпаратты беру түрінде ғана оқыту мағынасын жоғалтты, өйткені бүгінде кез-келген оқушы интернетке кіріп, зерттеу тақырыбы туралы қажетті немесе жетіспейтін ақпаратты таба алады. Осы тұста ақпаратты қолдана білу және оны іс жүзінде қолдану – бұл дағдыларды мектепте дамыту қажеттігі бар. Оқушыларға зерттеу және ғылыми-технологиялық әлеуетті күшейтуге, сыни, инновациялық және шығармашылық ойлау, проблемаларды шешу, коммуникация және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа пәнаралық және жобалық тәсілі енгізілетін болады.



1-Сурет. STEM аббревиатураларының өзгеру динамикасы

Дүниежүзі бойынша ең алғашқы STEM туралы түсінік американдық ғалым Р.Колвеллдің зерттеулерінде көрініс тапты [15]. Зерттеуші ХХ ғасырдың аяғында 1990 жылдары өз зерттеулерін ұсына бастады, бірақ он жыл өткен соң ғана, яғни 2000 жылдардан бастап белсенді түрде қолданысқа енгізілді (1-суретте).


Бүгінде STEM білім берудің жаңа көзқарасы пайда болды деуге болады:

- STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика);
- STEM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды.

Бастауыш сыныптарда STEM технологиясының тиімді тұстары өз практикалық бағыттарымызда негізін салуда. Атап айтсақ:

- 1) балаларды сабақтарда STEM-ге тарту және қызықтыру, қабілетін арттыру;
- 2) оқушы әлеуетін және STEM білімге сапасын күнделікті ізденісі барысында арттыру;
- 3) бастауыш сыныптарда STEM-білімін алу мүмкіндіктерін педагогикалық, психологиялық, әдістемелік тұрғыдан қолдау;
- 4) STEM білім беру бойынша көркем еңбек пәні сабақтарында пайдалана отырып, мықты деректер қорын құру.

STEM білім берудегі аббревиатурасы бойынша (кілттік компоненттерін) талдауларды ұсынамыз. STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. **S** – ғылым, ғылыми түсінік (**science**), **T** – технология (**technology**), **E** – инженерия (**engineering**), **M** – математика (**mathematics**) болады (2-суретте).



2-Сурет. STEM аббревиатураларының мазмұны

Мұның бәрі АҚШ-та пайда болған, ол STEM терминінен басталды. STEAM мен STEM арасындағы айырмашылық тек бір әріппен жазылған А - Art (өнер), бірақ тәсілдік айырмашылығы өте зор. Жақында бұл STEM білім беру АҚШ пен Еуропада нағыз трендке айналды және көптеген сарапшылар оны болашақ білім деп атады [16].

Art-ты (өнер) енгізуді ХІ ғасырдағы қытайлық математик ойшылдары ғылым мен өнерді біріктіру қажеттілігі туралы жазды.

Өнертапқыштар мен ғалымдардың барлығы дерлік музыканттар, суретшілер, жазушылар немесе ақындар болды: Галилео – ақын және әдебиеттанушы, Эйнштейн скрипка, Морзе – портрет суретшісі және т.б. ойнады.

Мектепте өнер жоқ. Бұл балалардың шығармашылығы.

STEAM - бұл сыни ойлауды, зерттеу құзыреттіліктерін және топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту құралы ретінде бірнеше пәндік салаларды біріктіретін жаңа білім беру технологиясы болып табылады.

STEAM - бұл әйгілі STEM аббревиатурасының дамуы, өнерді қоспағанда. S-ғылым немесе ғылым. T-technology, яғни технология. E-engineering, ағылшын тілінде инженерия дегенді білдіреді. M-maths, ғылым патшайымы - математика. Өнер, а - art аббревиатурасының жаңа құрамдас бөлігі, мүлдем басқа бағыттарды – кескіндеме, сәулет, мүсін, музыка және поэзияны түсінуге болады. Өнерді қосу жобаға қатысатын студенттердің контингентін кеңейтуге мүмкіндік береді, осылайша жобалау мен математикада айқын қабілеттері жоқ балалар жобаны эстетикалық тұрғыдан жүзеге асыруда топқа көмектесе алады. Алайда, бұл айтылғандар көркем еңбекті оқытуда толыққанды жүзеге асады.

STEAM - оқу жоспары бастауыш сынып оқушыларын пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді қолдана отырып оқыту идеясына негізделген. Бес пәннің әрқайсысын жеке үйренудің орнына, STEAM оларды бірыңғай оқыту схемасына біріктіреді.

STEM - білім беру ғылыми әдістерді, техникалық қосымшаларды, математикалық модельдеуді, инженерлік дизайнды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ХХ ғасырдағы білім алушының инновациялық ойлауын, іскерлігін, дағдыларын қалыптастыруға әкеледі.

Мұғалімдердің айтуынша, интеграция көптеген мамандықтарда табысты болуға мүмкіндік береді. Сарапшылардың барлығы дерлік прогрессивті технологиялар оқуға деген ынтаны арттырады және дизайн мен бағдарламалау саласындағы негізгі білімді кеңейтеді.

Зерттеу нәтижелері. STEM оқыту – бұл біздің балаларымыздың дағдыларын жетілдірудің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін инновациялық әдістеме. Оның көмегімен біз экономикалық тұрғыдан тәуелсіз және бәсекеге қабілетті ел болуға мүмкіндік беретін прогрессивті кадр базасын қалыптастыра аламыз.

STEM білімінің артықшылықтары:


- пәндер бойынша емес, тақырыптар бойынша интеграцияланған оқыту;
- нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану;
- сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;
- өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыру;
- белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс;
- техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту;
- жобаларға креативті және инновациялық тәсілдер;
- әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген ынтаны дамыту;
- ерте кәсіптік бағдарлау;
- балаларды өмірдің технологиялық инновацияларына дайындау;
- STEM негізгі білім беру бағдарламасының міндетті бөлігіне қосымша білім ретінде толықтырылады [17].

STEM ғылыми-техникалық бағытта тұлғаны дамытуға айтарлықтай әсер етеді, мүмкіндік береді.

Технологиялардың қарқынды дамуы болашақта жоғары технологиялармен байланысты мамандықтар: IT мамандары, Big data инженерлері, бағдарламашылар ең сұранысқа ие болады. Білім беру жүйесі осындай әлеуметтік сұранысқа робототехника, бағдарламалау, модельдеу (STEM) үйірмелерінің көптеп пайда болуымен жауап береді. Алайда, ғылыми-техникалық білім жеткіліксіз деген ой жиі айтылатыны анық.

Бізге белгілі болғандай, STEM білім беруді көркем еңбек сабақтарында пайдалану біршама санаттарды түзеді.

Бастауыш білім берудегі негізгі тенденциялар пәндер арқылы емес, интеграцияланған тақырыптар арқылы оқыту, нақты өмірде ғылыми-техникалық ғылымға қарай бет бұрыс жасау, оқушылардың сыни ойлауын, ойлау арқылы пробелмаларды, жағдаяттарды шешу дағдылары, өзіне деген сенімділіктің жоғары болуы, белсенді оқыту тәсілдері және топтық жұмыста қарым-қатынаста болу, бастауыштағы техникалық пәндерге қызығушылықтың болуы, шығармашылық ойлауы, білім мен тәжірибе арасындағы көпір, инновациялық жұмыстарға дайындау және т.б. (3-суретте)



3-Сурет STEM білім беруді пайдаланудың тиімділігі

Енді біз, мұндағы артықшылықтарға жеке талдаулар жасап өтейік.

Ең алдымен, интеграцияланған тақырыптар басты мәселеге айналады, ал бұған дейін біз тақырыптар бойынша білім алдық. Бұл басым тұстары арқылы көркем еңбектегі дайындалатын әр өнім бойынша ғылыми түсініктің пайда болуы басшылыққа алынады.

Екіншіден, бастауыш сыныптарда практикалық тапсырмалар арқылы STEM білім беру оқушыларға ғылыми-техникалық білімнің нақты өмірде қолданылуын реттейді. Мысалы, көркем еңбектің әр сабағында оқушылар STEM арқылы заманауи индустрия өнімдерін жасап шығарады, сол туралы ғылыми түсініктері қалыптасады.

Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытады, проблемаларды өздігінен шешуге дағдыландырады. Осы ретте зерттеулерге сүйенсек, «сыни ойлау» – бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба, оның тұтас құрылымы болғандықтан технологияға деген негіз бар. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл үлгі оқушылардың да, мұғалімдердің да сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни ойлаудың негізгі ерекшелігі оның кәсіби саладан тыс әрекетте талдау, құрастыруға үйретеді. Ендеше, бұл басым бағытында көркем еңбек сабақтарында қандай да бір кездескен қиындықтарды бала ескере отырып, жеңуге тырысады, өйткені сыни ойлауы көмекші құрал бола алады.

Дискуссия. Нәтижелерді талдау. Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Бастауыш мектептегі көркем еңбек сабағы пән мазмұнының құрылымына қарай төрт блоктан тұрады. Текстильді жұмыс жүргізу соның ішіндегі «көркем еңбек» блогына жатады. Еңбек сабағына енгізілген қолөнер туралы мағлұмат оқушыларға бірінші сыныптан бастап қалыптастыруды қажет етеді. Алғашқы сабақтан бастап оқушыларға жұмыс істеу әрекеті, тапсырманы дұрыс орындау, жұмыс орнын таза, мұқият ұстауға, жұмсалатын материалдарды үнемдеуге дағдыландыру көзделеді. Мысалы көркем еңбек пәндерінде келесідей алгоритмдік жұмыстар жүргізіледі.

Көркем еңбек:

1 Ермексаз және сазбалшықпен жұмыс.

2 Матамен жұмыс.

3 Қолданбалы қолөнерге баулиды.

Оқушылар 4 жыл ішінде бейнелеу пәнімен байланысты архитектура (сәулет өнері) мүсін, графика, техника, сәндік қолданбалы қолөнер шығармасымен танысады. Дизайндық білім негіздерімен танысады. Өзіне-өзі қызмет ету еңбегі барысында оқушылар тұрмыста кездесетін жұмыстарды атқаруды үйренеді. Мысалы: сыныптағы жұмыс орнын (парта үстін) таза ұстау, кітаптары мен дәптерлерін қанттай ұқыпты ұстай білу, киімдерін таза ұстау, тазарта білу, жамау, түйме қадау ілгек түрін қадай білуге үйренеді. Ауылшаруашылық еңбегі қала және ауылдық мекендерде екі бағытта жүргізіледі. Ауылшаруашылық жұмыстары жағдайымен мектептің мүмкіндіктеріне қарай жоспарлануы тиіс. Күнтізбелік тақырыптың оқу жоспарын тізген кезде бастауыш класс мұғалімдері өзгеріс, қосымша материалдар енгізе алады. «Көркем еңбек» пәнінің міндеттері:

- оқушының жеке тұлғасын мотивтік саналарын дамыту.

- оқушының шығармашылық қабілетін дамыту.

- оқушының қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру.

- пәндік практиканың дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш сынып пәндері бойынша «STEM» тапсырмаларын жобалау мына ережелерге негізделеді. Оны келесі кестеден көруге болады(1-кестеде)

Кесте 1 – «STEM» тапсырмаларын жобалау ережелері

р/с	Ережелер	Сипаты
1	<i>оқыту</i>	- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.
2	<i>күрделі мақсат қою</i>	- күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
3	<i>талдау</i>	- өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);
4	<i>таңдау</i>	- ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
5	<i>өзін-өзі басқару</i>	- оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;
6	<i>жеке тұлғалық сапа</i>	- тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;
7	<i>траектория</i>	- ата-аналармен ынтымақтастық құру.

Сонымен, осы қасиеттер толық болған жағдайда ғана тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды:

1. Қарым-қатынас дағдыларының, әсіресе вокалдык дағдылардың әлсіздігі. STEM-де инженерлер формулаларға, теңдеулерге, құрғақ кітап тілі қолданылатын материалдар құрылымына көп көңіл бөледі.

2. Инженерлер негізінен STEM-ге назар аударғандықтан, олар өздерінің шығармашылық қабілеттерін жоғалтуы мүмкін. Көптеген өнертабыстар мен инновациялар жоқ және «ақылға сыймайтын» нәрселер туралы ойлаудың басында пайда болды.

3. Операциялық жүйелер мен техниканы жақсы меңгерген инженерлер әдеттегі «күнделікті мәселелерді» шешуде қиындық тудыруы мүмкін.

4. Мұғалімдердің тар мамандануы айқын, нәтижесінде оқушылардың білімі фрагменттелген болады. Мұндай бағытты іске асыруға қосымша кәсіби даярлықтан өткен және жаратылыстану-ғылыми оқу пәндері мен технологиялардың бірыңғай жүйесінде жұмыс істеуге дайын мұғалімдер ғана қабілетті.

STEM технологиясын қолдана отырып жұмысты ұйымдастыру кезінде негізгі педагогикалық принциптерді ескеру қажет:

- оқу процесінің барлық компоненттерінің өзара байланысын болжайтын, мақсат қояды, оқыту мазмұнын, оның нысандары мен әдістерін анықтайтын интегративтілік;

- белгілі және белгісіз арасындағы логикалық байланыстарды анықтауды, білім алушының жеке мүдделерін ескеретін заттар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуді қамтамасыз ететін, баланың өзіндік танымдық белсенділігі негізінде терең және мағыналы білім әзірлеуді болжайтын сана мен белсенділік;

- қатаң бекітілген ғылыми заңдылықтары бар ақпараттың көрнекі иллюстрациясын қамтамасыз ететін оқытудың көрнекілігі;

- білім алушылардың жасына байланысты олардың тәрбиесінің мазмұны мен формаларының өзара байланысын қамтамасыз ететін жүйелілік;

- баланы оқыту мен тәрбиелеудің өзара байланысының бірлігін қамтамасыз ететін қол жетімділік пен дәйектілік;

- баланың физикалық және рухани даму заңдарына сәйкес оның тәрбиесі мен білімін қамтамасыз ететін табиғат сәйкестігі;

- бала тәрбиесі мен білім берудегі отбасы мен білім беру мекемесінің өзара әрекеттестігінің бірлігі.

Сондай-ақ, STEAM білім берудің негізгі постулаттарының бірі-шағын топтарда жұптасып оқыту. Мысалы, робототехника сабақтарында екі оқушы бір компьютерде жұмыс істейді және бір конструкторды жинайды. Бұл оқу материалдарын үнемдеу үшін мүлдем жасалмайды. Бұл тәсіл балаларды ынтымақтастыққа үйретуді, балаларға командада жұмыс істеуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, топта жұмыс істеуге көмектесуді қамтиды.

Көптеген елдерде STEAM білімі келесі себептерге байланысты басымдыққа ие:

- жақын арада әлемде IT-мамандар, бағдарламашылар, инженерлер, жоғары технологиялық өндіріс мамандары және т. б. жетіспей жатады.

- алыс болашақта тіпті елестету қиын мамандықтар пайда болады, олардың барлығы жаратылыстану ғылымдарымен түйіскен жерде технологиямен және жоғары технологиялық өндіріспен байланысты болады. Әсіресе, био және нанотехнология мамандары сұранысқа ие болады.

- Болашақ мамандарына жаратылыстану ғылымдарының, инженерия мен технологияның түрлі білім беру салаларынан жан-жақты дайындық пен білім қажет.

Қорытынды. STEM – тәсіл балаларға әлемді жүйелі түрде зерттеуге, айналада болып жатқан құбылыстардың логикасын түсінуге, олардың өзара байланысын анықтауға және түсінуге, жаңа, ерекше және өте қызықты нәрселерді ашуға мүмкіндік береді. Жаңа нәрсемен танысуды күту қызығушылық пен танымдық белсенділікті дамытады; өзі үшін қызықты тапсырманы анықтау қажеттілігі, оны шешудің тәсілдерін таңдау және алгоритмін құру, нәтижелерді сыни бағалау мүмкіндігі – инженерлік ойлау стилін дамытады; ұжымдық іс-әрекет командалық жұмыс дағдысын дамытады. Мұның бәрі баланың дамуының түбегейлі жаңа, жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және болашақта мамандық таңдауда кең мүмкіндіктер береді.

Бастауыш сыныптарда STEM білім беруді енгізудің маңыздылығын келесідей сипаттаймыз:

- Математикаға, жаратылыстану ғылымына деген қызығушылықты жандандырады.

- Техника, робототехника, құрастыру саласында білім алуға көмектеседі.

- Шығармашылық қабілеттерін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

- Баланың әлеуетін ерте анықтауға және оның кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді.

Осы ұсынымдардың өзектілігі жалпы білім беру мектептері мұғалімдеріне және білім беру саласындағы мамандарға және қазақстандық білім беру жүйесінде осы бағытты енгізу және дамыту бойынша ұсынымдарға STEM білім беру (әлемдік білім беру кеңістігінде) туралы сенімді және ғылыми-әдістемелік негіздемені қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты.

Бұл ұсынымдар инженерлік мамандықтарды таңдауға ынталандыратын және ресейлік ғылым мен техниканың басым бағыттарын дамыту үшін академиялық білімі мен кәсіптік құзыреттілігі бар болашақ білікті инженерлік кадрларды үздіксіз оқыту жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін сапалы білім ортасын құруға көмектеседі деп болжануда.

Сондай-ақ, ХХІ ғасыр оқушылары үшін қажетті дербес деректерді - ғаламдық ақпараттар мен қарым-қатынас дағдыларын, жаһандық адамның интеллектуалды пікірталастарын және шешім қабылдауды, жалпы алғанда жаһандық ақпараттарды, коммуникациялық және технологиялық құзыреттілікті есептік ойлау сияқты белсенді қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Нзарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. – Астана, 2018, 10 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
3. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы, 2000. – 382 б.
4. Сабыров Т.С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 1999. – 79 б.
5. Жұмбаева А.Е. Бастауыш мектепте синтаксисті дамыта оқыту. – Алматы: Радиал, 2008. – 236 б.
6. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.
7. Тұралбаева А.Т. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 136 б.
8. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Құрманалина С.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 468 б.
9. Қыдырбаева А.А. Умственное развитие детей дошкольного возраста в процессе формирования математических представлений // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Бастауыш мектеп және дене мәдениеті сериясы = Вестн. КазНПУ им.Абая. Сер. Начальная школа и физическая культура. – 2010. - №4. – С. 26-28.
10. Қайыңбаев Ж.Т. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың мазмұны мен оның құрылымының ерекшеліктері. пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 93 б.
11. Акпаева А.Б., Лебедева Л.А., Рысқұлбекова А.Д. Анализ особенностей мотивации научно-исследовательской деятельности будущего учителя начальных классов – 2020 // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы = Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Педагогические науки. – 2020. – №1. – С. 179-187.
12. Лебедева Л.А. Что такое ИКТ компетентность студентов педагогического университета и как и ее формировать // Инфо. – 2004. – №3.
13. Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. – Алматы, 1998. – 321 б.
14. Аренова А.Х. Научно-педагогические основы самостоятельной учебной деятельности младших школьников. - 2001.
15. Колвелл Р. Педагогические основы преемственности воспитательной работы детского сада и школы: дис. ... док. пед. наук. – Одесса, 1992. – 343 с.
16. Breiner, J., Harkness, M., Johnson, C.C., & Koehler, C. (2012). What is STEM? A discussion about conceptions of STEM in education and partnerships. *School Science and Mathematics*, 112(1), 3-11.
17. Elmira A. Aitenova, Alua A. Smanova, Aktoty T. Akzholova, Almash T. Turalbayeva, Zhanil K. Madaliev, Ulzharkyn M. Abdigapbarova Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute. *ASTRA Salvensis, an VII, numār 13*, 2019. – P. 345-356

Reference:

1. Nzarbaevtin N.Ə. 2018 zhilzi 10 kantardagi «Tortinshi onerkasiptik revolyuciya zhagdaiindagi damudini zhaqa mymkindikteri» atti Halikka ZHoldau. – Astana, 2018 zh. 10 kantar.
2. Қазақстан Respublikasında bilim berudi zhәне gilimdi damitudin 2016-2019 zhildarga arналган мемлекеттик bagdarlamasi Қазақстан Respublikasi Prezidentiniң 2016 zhilgi 1 naurizdagi № 205 ZHarligi.
3. Қойанбаев R.M., Қойанбаев ZH.B. *Pedagogika*. – Almati, 2000. – 382 b.
4. Sabirov T.S. *Bolashak mugalimderdiң didaktikalıq daiindigin zhetildiru*. – Almati, 1999. – 79 b.
5. ZHymabaeva A.E. *Bastauish mektepte sintaksisti damita oqıtu*. – Almati: Radial, 2008. – 236 b.
6. Amirova Ə.S. *Bastauish sinip oqushilariniң shigarmashilik is-areketin қalıptastirudin teoriyasi men praktikasi: ped.gil.dok. ... avtoref*. – Almati, 2009. – 45 b.
7. Turalbaeva A.T. *Otbasi men mekteptiң intimaqtastigi zhagdaiında darindi balalardi tarbieleu: filos. dok. (PhD) ... dis*. – Almati, 2014. – 136 b.
8. Ospanov T.Қ., Қурманalina SH. H., Қурманalina S.Қ. *Bastauish mektepte matematikani oqıtu adistemesi: oqulıq*. – Astana: Foliant, 2007. – 468 b
9. Қидирbaeva A.A. *Umstvennoe razvitie detei doshkolnogo vozrasta v processe formirovaniya matematicheskikh predstavlenii // Abai atindagi ҚазUPU-diң Habarshisi. Bastauish mektep zhәне dene мәdenieti seriyasi = Vestn. KazNPU im.Abaya. Ser. Nachalnaya shkola i fizicheskaya kultura*. – 2010. – №4. – S. 26-28.
10. Қайnbaev ZH.T. *Bastauish mektepte matematikani oqıtudıң mazmұni men onin kuriliminiң erekshelikteri. ped. gil. kand. ... dis*. – Almati, 1998. – 93 b.
11. Akpaeva A.B., Lebedeva L.A., Riskulbekova A.D. *Analiz osobennosti motivacii nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti budush'ego uchitelya nachalnih klassov – 2020 // Abai atindagi ҚазUPU-diң Habarshisi. Pedagogika gilimdari seriyasi = Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya Pedagogicheskie nauki*. – 2020.- №1. – S. 179-187.
12. Lebedeva L.A. *CHto takoe IKT kompetentnost studentov pedagogicheskogo universieta i kak i ee formirovat // Info*. - 2004. - №3.
13. Aimagambetova Қ.А. *Bastauish siniptarda dynietanudi oqıtudıң gilimi-adistemelik negizderi: ped.gil.dok. ... dis*. – Almati, 1998. – 321 b.
14. Arenova A.H. *Nauchno-pedagogicheskie osnovi samostoyatelnoi uchebnoi deyatelnosti mladshih shkolnikov*. 2001.
15. Kolvell R. *Pedagogicheskie osnovi preemstvennosti vospitatelnoi raboti detskogo sada i shkoli:dis. ... dok. ped. nauk*. – Odessa, 1992. – 343 s.
16. Breiner, J., Harkness, M., Johnson, C. C., & Koehler, C. (2012). *What is STEM? A discussion about conceptions of STEM in education and partnerships. School Science and Mathematics*, 112(1), 3-11.
17. Elmira A. Aitenova, Alua A. Smanova, Aktoty T. Akzholova, Almash T. Turalbayeva, Zhanil K. Madalieva, Ulzharkyn M. Abdigapbarova *Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute. ASTRA Salvensis, an VII, numār 13, 2019. R. 345-356*

УДК 37.013.42
МРНТИ 14.01.21

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.20>

Г.Т. Садуақас^{1*}, Н.Қ. Итенова¹, Г.Абдуллина²

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

² Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ – БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сыныпта оқушылардың белсенді әрекетін проблемалық оқыту арқылы дамыту қарастырылады. Проблемалық оқытудың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері сипатталады. Зерттеулерге сүйене келе, проблемалық оқытудың арнайы міндеттері, яғни (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану); алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу негізге алынады. Проблемалық оқытудан күтілетін дағдылар оқуға деген ықылас пен қабілет, өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық, сөйлеу және логикалық ойлау атрибуттарымен нақтыланады. Сондай-ақ, мақалада проблемалық сабақтың мәнін бір сөйлеммен қамтуға болатындығы талданады, мысалы «білімді шығармашылықпен игеру». «Білімді шығармашылықпен игеру» деген тіркес сабақта оқушы ғылыми шығармашылықтың барлық буындарынан өтетіндігін білдіреді: *мәселені қою және шешімді іздеу – білімді енгізу кезеңінде; шешімді білдіру және өнімді іске асыру – білімді көбейту (айту) және т.б.* Проблемалық оқытуда *жетекші диалог пен мотиватордың* айырмашылығы талданады.

Түйін сөздер: проблемалық білім беру, шығармашылықпен білім беру, педагогикалық ситуациялар, мотивация, жетекші диалог.

Садуақас Г.Т.¹, Итенова Н.Қ.¹, Абдуллина Г.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

²Международного казахско-турецкого университета Ходжи Ахмеда Ясауи,
Туркестан, Казахстан

ПРОБЛЕМНОЕ ОБУЧЕНИЕ-СРЕДСТВО ОРГАНИЗАЦИИ АКТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация

В статье рассматривается развитие активной деятельности учащихся в начальной школе через проблемное обучение. Описываются психологические и педагогические особенности проблемного обучения. Исходя из исследований, за основу берутся специальные задачи проблемного обучения, т.е. (использование логических методов или отдельных приемов творческой деятельности); воспитание навыков творческого применения полученных знаний (в новых ситуациях) и умений решения учебных проблем. Навыки, ожидаемые от проблемного обучения, конкретизируются желанием и умением учиться, подготовкой к самообразованию, речевым и логическим мышлением. Также в статье анализируется, что суть проблемного урока можно охватить одним предложением, например, «творческое усвоение знаний». Фраза *«творческое овладение знаниями»* означает, что на уроке ученик проходит все звенья научного

творчества: постановка задачи и поиск решения – на этапе внедрения знаний; выражение решения и продуктивная реализация – воспроизведение (произнесение) знаний и др. В проблемном обучении анализируется различие ведущего диалога и мотиватора.

Ключевые слова: проблемное образование, творческое воспитание, педагогические ситуации, мотивация, ведущий диалог.

Sadvakas G.T.¹, Itenova N.Q.¹, Abdullina G.²

¹ *Kazakh national pedagogical University named after Abai*

Almaty, Kazakhstan

² *Khoja Akhmet Yassawi International KazakhTurkish University, Turkestan, Kazakhstan*

PROBLEM-BASED LEARNING IS A MEANS OF ORGANIZING STUDENTS ' ACTIVE ACTIVITIES IN PRIMARY SCHOOLS

Abstract

The article considers the development of active activity of students in primary school through problem-based learning. The psychological and pedagogical features of problem-based learning are described. Based on the research, special tasks of problem-based learning are taken as a basis, i.e. (the use of logical methods or individual methods of creative activity); education of skills for the creative application of the acquired knowledge (in new situations) and skills for solving educational problems. The skills expected from problem-based learning are concretized by the desire and ability to learn, preparation for self-education, speech and logical thinking. The article also analyzes that the essence of a problem lesson can be covered in one sentence, for example, "creative assimilation of knowledge". The phrase "creative mastery of knowledge" means that in the lesson the student goes through all the links of scientific creativity: setting a problem and finding a solution - at the stage of knowledge introduction; expression of the solution and productive implementation – reproduction (utterance) of knowledge, etc. In problem-based learning, the difference between the dialogue leader and the motivator is analyzed.

Keyword: problem education, creative education, pedagogical situations, motivation, leading dialogue.

Кіріспе. Қазіргі білім берудің басты мақсаты – өз бетінше оқи алатын, өздігінен дами алатын оқушыны тәрбиелеу. Бұл әсіресе ХХІ ғасырда, технология тез өзгеріп, үнемі оқып, қайта үйренуге тура келетін кезде өте маңызды. Сондықтан жаңа стандарттардың басты бағыты ретінде оқытудың дамытушы жағына, оқушылардың оқу қабілетін қалыптастыруға деген қамқорлықты күшейту әрекеттерін басты назарға аламыз.

Президент Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылдың 1-қыркүйегіндегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын Қазақстан Халқына Жолдауында: «Сапалы білім беру» бағыты бойынша «...жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» деп көрсетеді [1].

Осыған орай, елімізде 2021-2022 оқу жылында орта білім беру жүйесінің бастауыш сатысы бойынша жаңартылған білім мазмұнын игерте отырып, 12 жылдық білім берудің тұжырымдамалары жасақталу үстінде. Бұндай жаңартулар өз кезегінде оқушылардың *креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, танымдық-логикалық* әрекетке талпынуын алға шығарады.

Ендеше, бастауыш сынып оқушыларын проблемалық оқыту арқылы қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктеріне тоқталуды жөн санаймыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Теориялық талдаулар көрсетіп отырғанындай, проблемалық оқытудың барлық міндеттерінің ішіне аса маңызды екі міндетті бөлу қажеттігі

туындайды. Біріншісі – оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру; екіншісі – ғылыми дүниеетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру. Проблемалық оқыту кезінде оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру программаға ашылған жаңалықтар туралы материалды ендірумен ғана, ғылым негізері мен ғылымның логикалық құрылымдарын жақындатумен ғана емес, сондай-ақ, оның таным қайшылықтарын шешуге бағытталған методтарын оқып-үйренумен де қамтамасыз етіледі. Жаңа құбылыстың мазмұны мен мәні, оның элементтерінің өзара байланысы ғылымда зертеу үдерісінің бірізді кезеңдерін: бақылау, сипаттау, түсіндіру, болжау – жүзеге асыру барысында ашылады.

Мұндағы проблемалық оқытудың психологиялық және педагогикалық тұстары келесідей болады:

- оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;
- оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;
- түрлі проблемаларды көріп, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру;
- кез-келген нақты қызмет саласында өз ерекшелігі болатын кәсіби проблемалық ойлау жүйесін қалыптастыру және дамыту [2].

М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені, ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді» - деп көрсетеді [3]. Мұндай жағдайдан шығу білімді меңгерудің жолын қарастыру кезінде туындаған проблеманы шешу үшін ойлану қабілетін дамытқанда ғана іске асады. Ғалымның пікірінен проблемалық оқыту ғана білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытады деп тұжырым жасауға болады.

Осыған сәйкес С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Л.С. Выготскийлердің еңбектеріне сүйене отырып, орыс ғалымдары И. Я. Лернер, М. И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкиндер өткен ғасырдың 60-70 жылдарында проблемалық оқыту тұжырымдамасын жасады. М.И. Махмутов проблемалық оқытуды ғылыми дайын тұжырымдарды меңгеру барысында, өз бетінше жүйелі іздену әрекетімен байланыста болатын, дамыта оқытудың ерекше түрі деп есептейді. А.М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша: «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі оның жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде болмақ. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» деп беріледі [4].


Зерттеу нәтижелері. Проблемалық оқытудың арнайы міндеттері төмендегідей болып бөлінеді: білімді шығармашылық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану); алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу; шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу методтарына ие болу); Мұнда оқушылардың жетістіктері үшін ерекше жауапкершілік бірінші мұғалімнің – бастауыш сынып мұғалімінің мойнына жүктеледі.

И.Я. Лернер өзінің еңбектерінде проблемалық оқытудың 4 түрін атап көрсетеді. Олар:

- баяндама (эссе);
- эвристикалық (пікір алмасу);
- жеке ізденіс;
- зерттеу әдістері [5].

И.Я.Лернердің тұжырымдарына сүйене отырып біз, проблемалық оқыту бойынша қалыптасатын дағдыларды оқуға деген ықылас пен қабілет, өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық қалыптасады; сөйлеу және логикалық ойлау деп пайымдаймыз. Қарым-қатынас жасау және бірге өмір сүру

қабілеті, негізгі оқу дағдылары қалыптасады; әлеуметтік, құндылық және мінез-құлық нормалары мен дағдылары қалыптасады (1-суретте).



1-Сурет. Проблемалық оқытудан күтілетін дағдылар

Біздің ойымызша, бұл міндеттерді шешу оқуда белсенді көзқарассыз мүмкін емес. Ендеше біз, бұл ретте әдіснамалық амал ретінде іс-әрекеттік амалды ұсынамыз. Іс-әрекеттік амалдың маңызы, оның мәні бала дайын білім алмайды, бірақ оны өзінің іс-әрекеті нәтижесінде алады (ол субъект болады). Бұл амалды проблемалық оқытуды пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес.

Мұндағы проблемалық оқыту – мұғалімнің келесідей әрекеттерін негізге алады:

- сезім мүшелері, және оның білімінің белсенді субъектісі бола отырып, оның білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру нәтижесінде;
- проблемалық жағдайларды құруды және оқушылардың оларды шешудегі белсенді өзіндік қызметін қамтитын сабақтарды ұйымдастыру;
- оқу материалының проблематизациясы (білім – таңдану мен қызығушылық);
- баланың белсенділігі (білім сіңірілуі керек, нәтижесінде білім, дағды, шығармашылық қабілетке ие болады, ақыл-ой қабілеттері дамиды [7]).

Зерттеулерге сүйенсек, американдық ғалым Джон Дьюи оқушылардың практикалық іс-әрекеті кезіндегі интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту идеясын алға тартты. Д.Дьюи өзінің зерттеулерінде оқушылардың белсенділігі дамуына басты назар аударды [8]. Ғалымның тұжырымдамалық ережелері «Проблемалық оқыту технологиясын» өмірге алып келді деуге негіз бар.

Бұл технологияның тұжырымдамалық ережелері (Д.Дьюи бойынша) келесідей:

- онтогенездегі бала танымдағы адамзат жолын қайталайды;
- бала материалды тек тыңдап қана қоймайды білімді игеру стихиялық, бақыланбайтын процесс екендігі сипат алады;
- оқытудың бала өмірімен, ойынмен, еңбекпен байланысы.

Проблемалық оқыту мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір стилінде сәтті жүзеге асырылады, егер өз ойлары мен көзқарастарын білдіру еркіндігі мұғалімнің оқушының ойлау процесіне мұқият және мейірімді көңіл бөлуімен сәйкестенсе, дұрыс нәтиже берері анық.

Нәтижелерді талқылау. Оқушының зияткерлік дамуының жетістігі негізінен сабақта, мұғалім өз оқушыларымен жалғыз қалған кезде қол жеткізіледі. Мысалы, бұл тұста проблемалық сабақтың мәнін бір сөйлеммен қамтуға болады: **«білімді шығармашылықпен игеру»**. «Білімді шығармашылықпен игеру» деген тіркес сабақта оқушы ғылыми шығармашылықтың барлық буындарынан өтетіндігін білдіреді: *мәселені қою және шешімді іздеу – білімді енгізу кезеңінде; шешімді білдіру және өнімді іске асыру – білімді көбейту (айту) кезеңінде*. Мұның бәрі кестеде көрсетілген.

Проблемалық сабақ (дәстүрлі) кезеңдер арқылы білімді енгізу және көбейту кезеңдерімен ерекшеленеді (1-кестеде).

Кесте 1 - Проблемалық сабақ құрылымы

Кезеңдері	Іс-әрекеттер
I. Проблемалық жағдай жасау	Тұжырымдау мәселе: «Неге мүмкін емес?»
II. Оқу міндетін қою	Сабақтың тақырыбын және оның міндеттерін тұжырымдау
III. Шешімді іздеу	Гипотезаларды ұсыну және талдау арқылы субъективті жаңа білімді ашу
IV. Шешімді білдіру	Жаңа білімді қол жетімді түрде білдіру. Модельдеу.
V. Өнімді сату	Өнімді мұғалім мен сыныпқа ұсыну.

Проблемалық сабақтың құрылымынан оның орталық буыны проблемалық жағдаят екенін көруге болады. Проблемалық жағдаяттарды құрудың негізгі мақсаты – оқушылар мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекеті барысында, оқушылардың оңтайлы тәуелсіздігімен және мұғалімнің жалпы басшылығымен, сондай-ақ осындай іс-әрекет барысында оқушылардың білім алуы мен проблемалық мәселелерді шешудің жалпы қағидаларын түсіну және шешу болып саналады.

Бірақ, мұнда мұғалім қиындықтарға тап болған кезде, егер балалардағы қиындықты анықтайтын тапсырма олардың мүмкіндіктерін (зияткерлік мүмкіндіктері мен қол жеткізген білім деңгейі) ескерусіз берілсе, оқушылардың танымдық қажеттілігі болмауы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан мұғалім өз оқушыларының қойылған тапсырманың шарттарын талдаудағы және жаңа білімді игерудегі (ашудағы) мүмкіндіктерін білуі керек. Тапсырманың қиындық дәрежесі қолма-қол білім мен іс-қимыл әдістерінің көмегімен оқушылар оны орындай алмайтындай болуы керек, бірақ бұл білім тапсырманың мазмұны мен шарттарын өз бетінше талдау (түсіну) үшін жеткілікті болады. Тек осындай тапсырма проблемалық жағдайды жасауға көмектеседі.


Ойлаудың ішкі жағдайларын біліп, проблемалық жағдаяттардың көмегімен оларды құруға ықпал ете отырып, мұғалім оқушының ақыл-ой белсенділігін арттырып, оны басқара алады.

Біріншіден, сабақта проблемалық жағдаяттарды жүйелі түрде қолдану мұғалімдерді оқу процесінде оқушылардың санасында туындауы мүмкін қайшылықтарды қарастыруға мәжбүр етеді.

Екіншіден, проблемалық жағдаяттың пайда болуы үшін қарама-қайшылықты ашу керек, бұл, әдетте, оқушылардың қызығушылығын оятады, бұрынғы білімдерін қозғалысқа келтіреді, белгісізді іздеуге бағыттайды және сол арқылы оқушылардың ақыл-ой белсенділігін белсендіреді, мұғалімге оны басқаруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, проблемалық жағдаяттарда мұғалім әдейі көрсеткен қарама-қайшылық туралы хабардар болады. Проблемалық жағдаятты талдау нәтижесінде қайшылықты түсіну арқылы оқушылар мұғалім қалыптастырған мәселені, тапсырманы қабылдай алады немесе оны өз бетінше тұжырымдай алады [5].

Осы орайда проблемалық жағдаяттарды пайдаланудың негізгі шарттарын түзуді жөн санаймыз. Алайда, проблемалық жағдаяттарды ұйымдастыру және оны ұтымды пайдалана білу екі жақты үдерісті талап етеді. Оның бірі – бастауыш сынып оқушысы, екіншісі – мұғалім.



2-Сурет. Проблемалық жағдаятқа қатысушы тараптар

Ең алдымен, бастауыш сынып оқушылар тарапынан:

- белгілі бір мәселелерді шешудің жалпы әдісінің бар-жоғын анықтай білу: «Мен мұны білемін және білім келеді», «Мен мұны әлі білмеймін, білу керекпін», «Мен мұны аздап білемін, бірақ оны әлі де түсіну керекпін», «Мен сұрақтар қоя білемін», «Мен ізденемін», «Мен болжам жасаймын» және т.б. [9]

Ал бастауыш сынып мұғалімі тарапынан, ақылды надандықты үйрету қабілеті оқушыларда бағалау әрекеттерін қалыптастыруды білдіреді, соның арқасында адам өзінің әрекет ету қабілетін бағалайды, жаңа мәселені шешу үшін жеткілікті білімі бар-жоғын, қандай білім жетіспейтінін анықтайды.

Осылайша, балалардың өзін-өзі бағалауын дамытуға бағытталған оқыту жүйесі балалардың еркін ізденуін, тәуелсіз танымдық белсенділігін арттырады [10].

Егер мұғалім бағалаудың әрекетін мақсатты түрде қалыптастырса, онда кіші сыныптардағы оқушы қиындықты жазып қана қоймай, оның себебін де талдауды үйренеді. Алайда бұл ретте мұғалімнің ескеруі қажет әрекеттер басым.

Мысалы, гипотеза құруды үйрену мүмкіндігі (бүгінгі мәселені қалай шешуге болатындығы туралы). Мұнда мұғалімге балаларды тыңдай білу және балалар ұсынатын әртүрлі гипотезаларды қабылдау қабілеті үйретіледі.

Жалпы алғанда, іздену, шығармашылық және баланың репродуктивті күш-жігерін көтеру үшін мен жалпы сыныптағы пікірталастар мен шағын топтарда жұмыс жасау кезінде балалардың шығармашылық табыстарын жазудың жазбаша және әлеуметтік маңызды формасы болады. Ең қол жетімді формалардың бірі – қызықты пікір тақтасына лезде жазу. Бұл әдіс тек мұғалім баланың байқаған болжамдары сабақтың соңында сыныпқа шешім табуға көмектессе ғана керемет жұмыс істейді.

Проблемалық оқытуда *жетекші диалог пен мотиватордың* айырмашылығы – бұл қарапайым түрде ерекшеленеді, өйткені оқушыға мүмкін болатын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесі, оны кезең-кезеңімен сабақтың тақырыбын түсінуге алып келеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар тізбегімен диалог құру логикалық ойлауды күшті дамытады және оқу қабілеті төмен балалармен жұмыс жасау кезінде маңызы жоғары.

Қорытынды. Біз, жоғарыда атап өткеніміздей проблемалық оқыту дамытушылық, тәртіптілік, ізденушілік сияқты оқу үдерісі қызметтерінің негізі бөлшегі болады. Талдаулардан байқағанымыздай, проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді.

Осылайша, проблемалық оқытудың салыстырмалы сипаты оның құрлымынан, белгілерінен, нәтижесінен тұрады, бұл ретте мотиватор және жеткізуші-диалог қызмет атқаратындығын алға тартамыз. Бастауыш сыныптарда проблемалық оқытуды қолдану біршама күтілетін нәтижелерге жеткізеді. Атап айтсақ:

- оқушы жеке сұрақтар мен ынталандыру ұсыныстарын айтуда біз, оқушының ой-пікірін ынталандырамыз;

- оқушының ойы белгісізге ауысады, біз оқушының тәуекел сезімін сезінуіне ықпал етуіміз қажет;

- оқушылардың күтпеген жауаптары болуы мүмкін, алайда біз, оқушының дұрыс ойының пайда болуына көмектесуіміз қажет.

Біздің елімізде проблемалық оқыту мәселесі біраз жылдардан бері қолданыс тапқаны белгілі. Сондықтан бастауыш сыныптардағы проблемалық оқытуды күшейтуге бірқатар келесідей ұсыныстар береміз:

- Жаңа ақпаратты өз бетінше іздеу.

- Оқулықпен өзіндік жұмыс.

- Мәселені шешу дағдысын меңгеру.

- Белсенді тұлғаны тәрбиелеу, бастамашылдықты, жауапкершілікті, ынтымақтастыққа қабілеттілікті қалыптастыру.

- Жеке қасиеттерді дамыту.

Осылайша, тәжірибе көрсеткендей, проблеманы шешудің әдісі балалардың сабақтағы оқу мотивациясын қамтамасыз етеді.

Сонымен, проблемалық оқытудың көмегімен көптеген педагогикалық міндеттер шешіледі. Проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке субъективтік тұрғыдан танылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Президент Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 1-қыркүйекте Қазақстан Халқына Жолдауы, «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Нұр-сұлтан 2021ж.
2. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993. – 235 б.
3. Махмұтов М.И. Организация проблемного обучения в школе. – М., 1983.
4. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М., 1972.
5. Оконь В. Основы проблемного обучения. Пер. с польск. – М.: «Просвещение», 1968
6. Elmira A. Aitenova, Alua A. Smanova, Aktoty T. Akzholova, Almash T. Turalbayeva, Zhanil K.Madalieva, Ulzharkyn M. Abdigapbarova Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute. ASTRA Salvensis, an VII, numär 13, 2019. – P. 345-356
7. Дьюи Дж. Реконструкция в философии; Проблемы человека / Пер. с англ., послесл. и примеч. Л.Е.Павловой. — М.: Республика, 2003. ьюи Дж. Реконструкция в философии; Проблемы человека / Пер. с англ., послесл. и примеч. Л.Е.Павловой. — М.: Республика, 2003.
8. Муканова Б.И. Субъектно-деятельностный подход к профессиональному развитию учителя. Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития. – Алматы, 2004. – 228 с.
9. Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527.
10. Омарова А.А. Современная технология проблемного обучения // Современные наукоемкие технологии. – 2011. – № 1. – С. 73-75

Reference:

1. Prezident Қ.К.Тоқаевтің 2021 zhigi 1-kirkuiekte Kazakstan Halkina Zholdauı, «Halik birligi zhane zhyieli reformalar – el örkendeuiniñ berik negizi» Nur-sultan 2021 zh.
2. Tazhibaev T. ZHalpi psihologiya. – Almati, 1993. – 235 b.
3. Mahmutov M.I. Organizaciya problemnogo obucheniya v shkole. – M., 1983.
4. Matyushkin A.M. Problemnie situacii v mishlenii i obuchenii. – M., 1972.
5. Okon V. Osnovi problemnogo obucheniya. Per. s polsk. – M.: «Prosvesh'enie», 1968
6. Elmira A. Aitenova, Alua A. Smanova, Aktoty T. Akzholova, Almash T. Turalbayeva, Zhanil K.Madalieva, Ulzharkyn M. Abdigapbarova Construction of Dual System of Preparation of Engineering-Pedagogical Personnel at Higher Education Institute. ASTRA Salvensis, an VII, numär 13, 2019. – R. 345-356
7. Dyui Dzh. Rekonstrukciya v filosofii; Problemi cheloveka / Per. s angl., poslesl. i primech. L.E.Pavlovoi. – M.: Respublika, 2003. yui Dzh. Rekonstrukciya v filosofii; Problemi cheloveka / Per. s angl., poslesl. i primech. L.E.Pavlovoi. – M.: Respublika, 2003.
8. Mukanova B.I. Subektno-deyatelnostnii podhod k professionalnomu razvitiyu uchitelya. Kachestvo pedagogicheskogo obrazovaniya: problemi i perspektivi razvitiya. – Almati, 2004. – 228 s.
9. Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527.
10. Omarova A.A. Sovremennaya tehnologiya problemnogo obucheniya // Sovremennie naukoemkie tehnologii. – 2011. – № 1. – S. 73-75

А.Т. Туралбаева^{1*}, А.Ж. Кенжалы¹, С.А. Фейзулдаева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сыныптардағы математиканы оқыту әдістемесін цифрлық білім беру ресурстары, контенттері арқылы ұйымдастырудың мүмкін тұстары баяндалады. Теориялық талдаулар жасалып, цифрлық білім берудің ұғымдық-категориялық аппаратына «ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық технология», «цифрлық ресурс» түсініктеріне контент-талдау ұсынылып отыр. Бастауыш сыныптардағы «цифрлық білім берудің» мүмкіндіктері барлық негізгі пән бойынша жалпылама сипатталады. Сонымен қатар бастауыш сыныптағы математиканы оқыту әдістемесі бойынша 4-сыныптардағы «Бөлшектерді оқыту» бөліміне дайындалған цифрлық контенттердің үлгісі беріледі. Мақаладағы зерттеу нәтижелері бөлімінде цифрлық ресурстарды дайындаудың алгоритмі беріледі. Цифрлық білім беру ресурстарын дайындау мәтін бойынша анимациялар, мультимедиялық компоненттер (бейнеклиптер, синтездік суреттер), дыбыстық нысандардан тұратындығы түсіндіріледі. Цифрлық контентті дайындаудың сценарийі жасақталады. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда цифрлық ресурстарды қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудағы артықшылықтары талданады. Білімге қолжетімділік, тұлғаға бағытталған оқыту, ақпараттық білім беру ортасын құру, жеке траекториясын таңдау мүмкіндігі, шығармашылық қызмет, мотивациялық серпіліс, демонстрациялық жағдай және т.б. артықшылықтары баяндалады.

Түйін сөздер: цифрлық білім беру, цифрлық ресурс, бастауыш сыныптар, ақпараттық технология, ақпараттық құзыреттілік, цифрлық сценарий, мәтіндік графика.

Туралбаева А.Т. ^{*}1, Кенжалы А.Ж. ¹, Фейзулдаева С.А. ²

¹ Қазақстан Республикасының педагогикалық университеті и.Абая, г. Алматы, Қазақстан

² Жетісу университеті и.И.Жансүгірова, г. Талдықорған, Қазақстан

ВОЗМОЖНОСТИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ ЧЕРЕЗ ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ

Аннотация

В статье излагаются возможные моменты организации методики обучения математике в начальных классах через цифровые образовательные ресурсы, контент. Проведен теоретический анализ и представлен контент-анализ понятийно-категорийного аппарата цифрового образования в понятиях «информационная компетентность, информационные технологии», «цифровой ресурс». Возможности «цифрового образования» в начальных классах характеризуются обобщенно по всем основным предметам. Также будут представлены образцы цифрового контента, подготовленного к разделу «обучение по частям» в 4 классе по методике преподавания математики в начальных классах. В разделе результаты исследования в статье представлен алгоритм подготовки цифровых ресурсов. Объясняется, что подготовка цифровых образовательных ресурсов состоит из анимаций по тексту, мультимедийных компонентов (видеоклипы, синтезирующие изображения), звуковых объектов. Будет разработан сценарий подготовки цифрового контента. Анализируются преимущества использования цифровых ресурсов при обучении математике в начальных классах в развитии познавательных способностей учащихся. Излагаются преимущества доступности образования, личностно-ориентированного обучения, создания информационной образовательной среды, возможности

выбора индивидуальной траектории, творческой деятельности, мотивационного прорыва, демонстрационной ситуации и др.

Ключевые слова: цифровое образование, цифровой ресурс, начальные классы, информационные технологии, информационная компетентность, цифровой сценарий, текстовая графика.

*A.Turalbeyeva*¹, A.Zh. Kenzhali¹, S.Feizuldayeva²*

¹ *Kazakh national pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

² *Zhetysu university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

OPPORTUNITIES FOR TEACHING MATHEMATICS IN PRIMARY SCHOOLS THROUGH DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCE

Abstract

The article describes the possible aspects of the organization of the methodology of teaching mathematics in primary classes through digital educational resources, content. The theoretical analysis is carried out and the content analysis of the conceptual and categorical apparatus of digital education in the concepts of "information competence, information technologies", "digital resource" is presented. The possibilities of "digital education" in primary classes are characterized generically in all the main subjects. There will also be samples of digital content prepared for the section "learning in parts" in the 4th grade according to the methodology of teaching mathematics in primary classes. In the section Research results, the article presents an algorithm for preparing digital resources. It is explained that the preparation of digital educational resources consists of text-based animations, multimedia components (video clips, synthesizing images), and sound objects. A scenario for the preparation of digital content will be developed. The advantages of using digital resources in teaching mathematics in primary classes in the development of students' cognitive abilities are analyzed. For example, the advantages of accessibility of education, personality-oriented learning, creation of an information educational environment, the possibility of choosing an individual trajectory, creative activity, motivational breakthrough, demonstration situation, etc. are described.

Keywords: digital education, digital resource, primary classes, information technologies, information competence, digital scenario, text graphics.

Кіріспе. Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады.

Қазір еліміздегі барлық саладағы жұмыс істейтін халық толығымен ақпараттық технологияларды игеруде. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру кезеңі бастау алған. Осы орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына сәйкес «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекетімізде ақпарат дамыған ғасырдың көшін бастап тұрған көршілес елдермен тереземіз тең болуы үшін іске асырылып жатқан жұмыстар ауыз толтырып айтарлықтай. Әсіресе, білім салаларында осы бағдарламаны жүзеге асыру және тиімді қолдану бүгінгі таңдағы өзекті мәселе [1].

Бұл ретте ұлттық білім үлгісін жасауды талап етіп, оның негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігі және іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау болып табылады. Бұл айтылғандар қазіргі кезде «...адамзат өмірі үшін «білімді математикаландыру кезеңі» деп аталатын жаңа кезеңді қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптар үшін цифрлық білім беру ресурстарын дайындаудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің

балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту бойынша цифрлық ресурстарды дайындау – бастауыш білімдегі абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бастауыш білім берудегі біртұтас педагогикалық үдеріс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Ғылыми әдебиеттерде цифрлық білім беру бойынша бастауыш мектептің оқу үрдісінде компьютерлерді пайдалану, бастауыш сынып мұғалімдерін оларды қолдануға үйретуде ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары арналған.

Соңғы онжылдықта елімізде білім беруді ақпараттандыру проблемасы төмендегідей бірқатар зерттеулерді көрсетеді:

- бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі бойынша Т.Оспанов [2], А.Қыдырбаева [3], К.Ерешева [4], Б.Қосанов [5], Ж.Қайыңбаев [6], А.Ақпаева [7], М.Мыңжасарова [8], Л.Лебедева [9], және т.б.

- білім беру жүйесін ақпараттандырудың жалпы мәселелеріне А.Ш. Танирбергенова, [10], С.О. Жетписбаеваның [11], К.С. Алиеваның [12] ғылыми еңбектері; білім беруді ақпараттандыру жағдайында электрондық әдістемелік жүйені құрастырудың әдіснамалық және технологиялық мәселелеріне Ш.Х. Құрмалинаның [13] докторлық диссертациясы арналған;

- бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық мәдениетін, ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру П.У. Байрамукова [14], А.В. Белошистая [15];

- бастауыш мектепте оқушылардың оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттарын негіздеу мәселелері Д.С. Байғожанованың (2004 ж.) [16] және А.Б. Медешованың (2006 ж.) [17] кандидаттық диссертацияларында зерттелген.

- бастауыш білім беруде ақпараттық технология бойынша білім беруді ұйымдастыру К.Мулдабекова [18], Э.Уайдуллақызы [19], А.Оралбекова [20], Н.Сартаева [21] және т.б.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Біз, біршама теориялық талдаулар арқылы цифрлық білім беру ресурстары (ЦББ) оқытудың инновациялық құралы бола отырып, бастауыш сынып жасындағы балалардың танымын дамытуда жаңа көмекші рөлін атқаратындығын негізге аламыз.

Бастауыш білім беру үдерісіне ЦББ ресурстарын дайындаудың және енгізудің негізгі артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады

- білім алу нысандарын кеңейте отырып, *білімге қолжетімділікті* арттыру;
- *тұлғаға бағытталған* оқытуды дамыту;
- оқытудың бірыңғай *ақпараттық білім беру ортасын* құру;
- білім беру үдерісінің оқыту орны мен уақытынан тәуелсіздігі;
- оқытудың *жеке траекториясын таңдау мүмкіндігін* қамтамасыз ету;
- білім алушының өзіндік ізденіс, оның ішінде *шығармашылық қызметін* дамыту;
- оқытудың *мотивациялық жағын* арттыру;
- білім алушының тұлғасын дамыту, оны ақпараттық қоғам жағдайында өмірге дайындау;
- оқытудың *демонстрациялық* жағдайын арттыру;

Цифрлық білім беру мазмұнды ақпараттың ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың осы ақпаратты игеруінің психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын ескеретін кезкелген ұтымды құрылған оқыту үдерісінде білім сапасын арттыруды көздейді. Оны жүзеге асырудағы ең бастысы, кез – келген оқу құралы сияқты, оқу процесіне жаңа оқу құралдарын енгізбестен бұрын мұғалім керек сабақтарды ұйымдастырудың мақсаттары мен әдістерін қарастыруы қажет.

Біз, жалпы цифрлық білім беруде бірнеше категориялардың мәніне көңіл бөлеміз. ЦББР-ды дайындауда мұғалімге ең алдымен теориялық білімнің болуы қажеттігі бар. «Ақпараттық сауаттылық», «ақпараттық құзыреттілік» категориялары алғашқы көмекші құрал бола алады, яғни аталмыш категориялар мұғалім мен оқушы бойында қалыптасқан жағдайда цифрлық білім, цифрлық сауаттылық жүзеге асары анық.

Ендеше біз, жоғарыда қажет деп танылған категорияларға қысқаша мағлұмат беріп өтейік.

Қазақстандық ғалым А.К. Мынбаеваның пікірінше, білім беруді ақпараттандырудың куәсі (кең мағынада) қазіргі білім беруді сипаттайтын ақпараттың үш қасиеті: жаңалығы, алуан түрлілігі және серпінділігі болып табылады [22]. Автор бұл тезисін біліми үрдісті ақпараттандырудың заңдылығы деп атай келе, оны келесі мазмұнда нақтылайды:

- жаңалық ауысады: 1) білім беру парадигмасының жаңаруы; 2) білім беру мазмұнының әрбір пәнге қатысты жаңаруы және жаңа пәндердің пайда болуы; 3) оқытудың формалары мен әдістерінің өзгеруі және т.б.;

- серпінділігі талап етеді: білімді жаңарту мен оқыту үрдісінің қарқындылығын және оқыту үрдісінде ақпарат алмасудың жеделдетілуін;

- алуан түрлілігі білім берудің диверсификациясын қамтиды. Ал ол біліми мекемелердің, қаржыландыру көздерінің, сонымен қатар оқу бағдарламаларының, жоспарларының, курстарының және т.б. диверсификациясымен сипатталады.

Ғалым С.Т. Мухамбетжанова Мұғалімнің ақпараттық құзырлығын қалыптастырудың құрамдас бөліктерін мына түрде жіктеп көрсетеді:

- алгоритмдік сауаттылық;
- компьютерлік сауаттылық;
- ақпараттық сауаттылық;
- қолданушылық және технологиялық сауаттылық;
- ақпараттық тәртіп;

- компьютерлік қарым-қатынас [23]. Автордың ақпараттық құзыреттілік жайлы талдауларындағы құрамдас бөліктер бастауыш сынып мұғалімі мен бастауыш сынып оқушылары үшін басты атрибуттар болып саналады.

И.И. Аргинская: «ақпараттық құзырлық – бұл қазіргі ақпараттық технологиялар саласынан білімді, білікті, дағдыны орынды қолдана білу» деп көрсете отырып, ақпараттық құзырлықты қалыптастырудың құрамын құралдар мен әдістер саласында қолданылатын білім, білік, және дағды құрайтын келесі элементтерді анықтаған:

- ақпаратты іздеу және жинау;
- ақпаратты сақтау;
- ақпаратты өңдеу;

- ақпаратты тарату [24]. Ғалымның ақпараттық құзырлық туралы зерттеуінен біз, ЦББ-легі компьютердегі мәтіндік, графикалық, аудио, видео ақпараттар оқушыларға берілетін оқу ақпараттарының нәтижелілігін көтеріп, оқудың сапалығын арттыруға, осыған сәйкес қазіргі ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін бастауыш мектепте сауатты пайдалануды басшылыққа аламыз. Цифрлық білім беру ресурстары мен контенттерінің ұғымдық-категориялық аппаратын толықтыра түсетін бірнеше категорияларды жоғарыда талдап өткен болатынбыз. Ендеше, қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектеріндегі тұжырымдарына контент-талдау ұсынамыз (1-кестеде).

Кесте 1 – Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «ақпараттық құзыреттілік», «цифрлық ресурстар» ұғымдарына контент-талдау

Зерттеуші және еңбегінің атауы	Ғалымның тұжырымдамасы	Комментарийлер
А.М. Жұмабаева (Жаңа тұрпатты мұғалімдерді қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық шарттары)	Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагогикалық ғылымдағы оқыту стилі – үйренушінің дамуы, өзін-өзі дамытуы, интеллектуальдық әлеуетінің жүзеге асуы зерттеу, өлшеу, моделдеу, пәндік әлем туралы білімді формалдауға қажетті құралды қамтамасыз етеді және оның қажеттілігі мынада: білімді өз бетімен алу және ұсыну; ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаның қызмет ету жағдайында оқу әрекеті режимін өз бетімен таңдау; оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін өз бетімен таңдау.	<i>Оқу әрекеті режимін өз бетімен таңдау</i>
Д.Н. Исабаева (Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану әдістемесі)	Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары компьютерлік техника мен желілерді қолдану негізінде ақпараттық үдерістерді жүзеге асырауға бағытталған ақпараттық және программалық құралдар.	<i>Ақпараттық және программалық құралдар</i>
А.Б. Медешова (Бастауыш сынып оқушыларының икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары)	Цифрлық ресурстар - үдерістерді компьютердің көмегімен жүзеге асыру жабдығы, ал, екіншіден-оқыту әдісі, яғни, ақпараттық бағдарламалық жабдықтарды білім беру үрдісінде пайдалану мен оның әдістемесі. Басқаша айтсақ, оқытудың ақпараттық технологиясы дегеніміз – оқушылар мен мұғалімдердің педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттерінің өзара әсерлері мен білім берудің мақсаттарына сәйкес меңгерілуге тиіс оқу материалының мазмұны берілген ақпараттық жүйені құрайтын ресурстар.	<i>Бағдарламалық жабдықтарды білім беру үрдісінде пайдалану мен оның әдістемесі</i>
С.А. Нурпейсова (Жаңа ақпараттық технология жағдайында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру)	Ақпараттық технология дегеніміз - ақпаратты жинақтауды, сақтауды, таратуды және көрсетуді қамтамасыз ететін өндірістік процестердің және техникалық бағдарламалық құралдардың жиынтығы.	<i>Техникалық бағдарламалық құралдардың жиынтығы</i>
Ж.Б.Сардарова (Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы)	Бастауыш мектепте цифрлық ресурстарды қолдану – оқыту мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесін қазіргі ақпараттық ІТ-ды (ҚАТ) қолданудың теориясы және практикасымен қамтамасыз ету.	<i>ІТ-ды қолдану теориясы мен практикасы</i>

<p>С.О. Жетпісбаева (Бастауыш мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып математиканы оқыту нәтижесін бақылаудың тиімділігін арттыру әдістемесі)</p>	<p>Бастауыш мектепте АКТ-ны қолдану: - қарапайым ойлау операцияларының жоғары деңгейі: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, мәндісін ажырату, топтау; - мақсатқа бағыттылық пен ұйымшылдықтың жоғары деңгейі, ол құбылысты талдаудың жалпыланған сызбасын қолдануда және құбылыстың мәндісін бөле білу бағдарының көрінуімен сипатталады; - ойлаудың белсенділігі мен еркіндігі, ол көп көлемдегі түрлі болжамдардың, идеялардың өндірілуімен, проблеманы шешудің бірнеше нұсқасының табылуымен көрінеді.</p>	<p><i>Ойлаудың белсенділігі мен еркіндігі</i></p>
<p>Г.Б. Таутаева (Бастауыш мектепте Интернет-ресурстарды пайдаланудың әдістемесі)</p>	<p>Пәндік аймақты ақпараттандыру оқу іс-әрекетін интеллектуалдандыруда білім беру құрылымын дамытуды, ақпараттық, экологиялық және әлеуметтік орталарды тану үрдісін интеграциялау, басқару механизмдерін дамыту.</p>	<p><i>Оқу іс-әрекетін интеллектуалдандыруда білім беру құрылымын дамыту</i></p>

Бастауыш сыныптарда ЦББ мүмкіндіктерін төмендегі мазмұндағы жетістіктерді реттейді. Олар:

- оқушылардың сапалық үлгерімін дамытып, танымдық әрекет белсенділігін арттыра түсуге;
- бастауыш сыныптарға арналған электронды оқу материалдарының көмегімен оқу мақсатына жетуге;
- бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бақылау мен өзінің білімін көтеру дағдыларын дамыту;
- оқушылардың оқуға деген ынталарын, қызығушылықтарын арттыруға; оқушылардың дидактикалық тұрғыдағы қиыншылықтарын төмендетуге;
- сабақта оқушылардың белсенділіктері мен өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамытуға;
- оқушылардың ақпараттық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға;
- бастауыш мектеп оқушыларының қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, компьютерде жұмыс істеу дағдысын шындай түсуге мүмкіндік береді (1-суретте).



1-Сурет. Цифрлы білім беру мүмкіндіктері

Зерттеу нәтижелері. Цифрлық білім беру ресурстарының құрамына цифрлық нысанда ұсынылған бейнефрагменттер, статискалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті өзге де оқу материалдары жатады.

Ал ЦББ ресурстарына келесідей талаптар қойылады:

- оқулықтың мазмұнын ескеру, яғни дайындалатын ЦББР бастауыш білім бағдарламаларға сәйкес келуі;

- оқытудың заманауи нысандарына бағдарлану, оқытудың жоғары интерактивтілігі мен мультимедиалығын қамтамасыз ету;

- оқытуды дараландыру мүмкіндігін қамтамасыз ету, оқушылардың жас ерекшеліктерін және мәдени тәжірибедегі тиісті айырмашылықтарын ескеру;

- оқушыларға осы пән аясында білім мен дағды негізінде өмірлік мәселелерді шешу тәжірибесін алуға бағыттайтын оқу іс-әрекетінің түрлерін ұсыну;

- жеке және топтық жұмысты пайдалануды қамтамасыз ету;

- модульдік құрылымды болжайтын оқу жоспарлауының нұсқаларын қамту;

- сенімді материалдарға негізделу;

- көлемі бойынша оқулықтың тиісті тарауларын кеңейтпей, бұл ретте тақырыптық тарауларды асыру;

- мәлімделген техникалық платформаларда толық ойнату;

- ЦББР-мен қатар басқа бағдарламаларды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- әдістемелік тұрғыдан орынды жерде жұмыстың аралық нәтижелерін жеке баптау және сақтауды қамтамасыз ету;

- қажет болған жағдайда кірістірілген контекстік көмекке ие болыңыз

- ыңғайлы интерфейс болуы керек [25].

ЦББР жиынтығының міндеттері:

- сабаққа дайындық кезінде мұғалімге көмекші құрал болады;

- жекелеген сандық нысандардан сабақты құрастыру және модельдеу;

- қосымша және анықтамалық ақпараттың көп мөлшері – тақырып туралы білімді тереңдету үшін;

- ЦББР жинағында ақпаратты тиімді іздеу;

- БЖБ, ТЖБ және өзіндік жұмыстарды дайындау (мүмкін нұсқалар бойынша);

- шығармашылық тапсырмаларды дайындау;

- сандық нысандарға байланысты сабақ жоспарларын дайындау;

- қызмет нәтижелерін басқа мұғалімдермен YouTube каналдары арқылы бөлісу [26].



2-Сурет. ЦББР мазмұны

2-суреттен көріп отырғанымыздай, цифрлық білім беру ресурстарын дайындау мәтін бойынша анимациялар, мультимедиялық компоненттер (бейнеклиптер, синтездік суреттер), дыбыстық нысандардан тұрады. Талдаулар сүйенсек, цифрлы сауаттылық – ақпараттық

қоғамдағы қауіпсіз-діктің негізі екендігін аңғаруға болады. Цифрлық білімді қолдану – бұл адам өмірінің барлық сала-ларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы білім сапасын арттыруға мүмкіндік алып отырмыз. Бастауыш сыныптарда білім берудегі ЦББР-ды барлық пәндер бойынша дайындауға болады.

Теріс емес бүтін сандар жиынының кеңеюі (натурал сандар мен нөлдер жиынтығы) тарихи түрде фракциялар мен теріс сандарды ойлап табуға байланысты болды. Математика бойынша білім беру бағдарламаларының көпшілігінде бастауыш мектептегі негізгі сандық жиынның кеңеюі бөлшектерді қосу арқылы жүреді.

Осы орайда бастауыш сынып математикасы тарихында жаңа сандарды ойлап табудың және сандық жиындардың тиісті кеңеюінің екі негізгі себебі бар: практикалық және теориялық. С.Е. Царева бойынша біз практикалық себептерді «өлшеу нәтижелерін сандық белгілеу қажеттілігі және осы нәтижелерді белгілі сандармен көрсету мүмкін болмаған жағдайда объектілер мен объектілер топтарын сандық салыстырудың басқа әдістері» деп атаймыз [27]. Мұндай қажеттіліктер әдетте адамның материалдық қажеттіліктеріне жатады.

Демек, бөлшекке бөлу, үлес ұғымы, пайызын есептеу ежелгі уақытта да ұзындықтарды, аудандарды, массаларды және басқа шамаларды өлшеу натурал сандардан басқа сандарды қолдану қажеттілігіне алып келгені белгілі.

Белгілі болғандай, сан – бастауыш сынып математикасының бастапқы курсының ғана емес, жалпы математиканың негізгі ұғымы деуге болады. Сандар ақпаратты белгілеу, сақтау, өңдеу және беру құралы ретінде «ойлап табылды», атап айтқанда объектілер арасындағы сандық қатынастар туралы ақпарат дискретті шамада – жиынтықтағы заттар саны және үздіксіз шамалардың бірі бойынша – ұзындығы, ауданы, көлемі, массасы және т.б. натурал сандармен біз бір-бірден санау кезінде жиынтықтағы жеке заттардың санын және үздіксіз шаманы өлшеу кезінде өлшенетін объектіге толығымен орналастырылған өлшемдер санын белгілейміз. Нысандарды санау дискретті шаманы өлшеу ретінде де қарастырылуы мүмкін «заттар саны», мұнда бірлік бір объект немесе объектілердің соңғы санынан тұратын жиын болуы мүмкін. Жиынтықтағы элементтердің санын бір заттан тұратын бірлікпен өлшеген кезде өлшеу нәтижесі әрқашан натурал санмен көрсетіледі. 0 саны, сіз білетіндей, бос жиынтықтағы заттардың (элементтердің) санын білдіреді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында көрсетілгендей, егер санау бірлігі ретінде «бірлік жиынтығы» біреуден көп элементтен тұратын бос жиын алынбаса, онда өлшеу нәтижесін әрдайым натурал санмен білдіруге болмайды.

Көптеген ғасырлар бойы халықтар тілдерінде бөлшек **«сынған сан»** деп аталды. Бірінші бөлшек жартысы болды. Бір жартысын алу үшін бірлікті бөлу керек немесе оны екіге (екі тең бөлікке) «сындыру» керек. Демек, сынған сандардың атауы [28] қазір оларды бөлшектер деп атайды.

Бастауыш білімдегі математикалық анықтамалық: бөлшек-рационал сан (өрнек), екі бүтін санның қатынасы ретінде ұсынылған (өрнектер) a және b , a/b деп белгіленеді, мұндағы A бөлшектің алымы және B – деноминаторы деп аталады; \sim Жалпы, математикада бөлшек ұғымын анықтауға екі тәсіл бар – аксиоматикалық (қасиеттерді ауызша анықтау және сипаттау арқылы) және практикалық – сегменттердің ұзындығын өлшеуге негізделген.

Ұғымдарды талдауда бөлшек дегеніміз белгілі бір жолмен жазылған сандар жұбын қолдана отырып, бір немесе бірнеше тең бөліктерді белгілеу деп айтуға мүмкіндік береді. Егер тең бөліктердің сандық жазбаша белгіленуі қолданылмаса, онда «бөлшек» термині де қолданылмайды.

Нәтижелерді талқылау. Бастауыш сыныптарға арналған математика курсының мазмұны бойынша әдістемелік түсіндірудегі бөлшек – бұл объектінің бір бөлігін алу тәсілі, ал қажетті бөлік бірқатар арнайы талаптарды қанағаттандыруы керек. Сонымен, бастауыш сынып оқушысы үшін, мысалы, Бастауыш математиканы ОӘК-де бойынша, $\frac{1}{3}$ символының өзі мағынасы жоқ, өйткені ол 3 тең бөлікке бөлінгені анық емес. Сонымен қатар, заттың « $\frac{1}{3}$ бөлігі» тіркесінің

мағынасы бар. Оны балаға заттың 3 тең бөлікке бөлінгені және 1 осындай бөлік алынғандығы ретінде түсіндіреміз.

«Математика» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

- «Сандар мен шамалар»: көптаңбалы сандар, натурал сандар қатарындағы санның орны, көптаңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру және дөңгелектеу, көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы, разрядтық қосылғыштардың қосындысы, миллион, бөлшектер, бөлшектерді салыстыру, дұрыс және бұрыс бөлшектер, аралас сандар, пайыз, бүтіннің бөлігін пайызбен көрсету, сандармен амалдар орындау, бөлшектерді қосу және азайту, көбейту мен бөлудің қасиеттері, натурал сандардың жіктелуі, көптаңбалы сандарды қосу және азайту, калькулятор көмегімен есептеулер, 10, 100, 1000-ға бөлу, сандарды көбейту және бөлу, санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу, көптаңбалы сандарды қалдықпен бөлу, аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға түрлендіру, пайызды бөлшекке, бөлшекті пайызға түрлендіру, шамалар және өлшем бірліктері, шамаларды өлшеу, салыстыру және өрнектеу, шетелдік және ұлттық валюта, олармен әрекеттер» деп жіктеледі [29].

«Математика» 4-сынып оқу пәнінің мазмұнында *Бөлшектер және пайыздар. Есептер.* Ортақ тақырып: «Қоршаған ортаны қорғау» деп беріледі.





109-112 сабақтар аралығында «Бөлшектер. Бөлшектерді салыстыру» тақырыптары бойынша оқу мақсаттары 4.2.1.5 алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру»; 4.5.2.1 жай бөлшектердің құрылуын, салыстыру, қосу және азайтуды бейнелеу үшін жазық фигуралардың бөлігі және сан сәулесін қолдану» деп қойылған.

Бағдарламадағы бөлшек сандарды оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар:

- үлес ұғымын, үлестің пайда болуын білу;
- санның үлесін және оның үлесі бойынша санды табу мәселелерін шешу;
- тиісті көрнекі бейнелер мен іс-әрекеттерге сүйене отырып, бірдей шаманың әртүрлі бөліктерін шамалармен салыстыру болады.

Кесте 2 – Цифрлық контенттің сценарийлік үлгісі

Дыбыс	Дыбыс және мәтін	Video Scribe
Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгінгі сабақта дұрыс және бұрыс бөлшектерді, аралас сандарды ажырата білуді үйренесіңдер. Сауалнама нәтижесін суреттен көре аламыз.	1-тапсырма. Диаграммаға қарап балалардың жауабын бағала Элия мен арман сыныптастарының арасында жер бетінде су қорын сақтау үшін не істеуге болатындығы туралы сауалнама жүргізді.	
Бұл жерде алтыдан үш, алтыдан төрт, алтыдан бес сандары жазылмаған.	2-тапсырма. Сан сәулесіндегі бірліктер неше бөлікке бөлінген? Қай сандар жазылмай қалған? Боялған бөліктерді	
Келесі тапсырма Есептің шешуі 1-ден үлкенбе? Тексеру үшін ережеге қарайық Бөлімі мен алымы бірдей бөлшек 1 санына тең болады:	көрсететін бөлшектерді жаз, бөлшектерді қос.	

<p>$\frac{6}{6} = 1$ 6:6=1</p> <p>Алымы бөлімінен кем болатын бөлшек дұрыс бөлшек деп аталады. Дұрыс бөлшек әрқашан 1 санынан кем болады: $\frac{1}{6} < 1$; $\frac{3}{6} < 1$</p> <p>Алымы бөлімінен артық немесе тең болатын бөлшек бұрыс бөлшек деп аталады. Бұрыс бөлшек әрқашан 1 санынан кем немесе тең болады. $\frac{8}{4} > 1$; $\frac{4}{4} = 1$</p>		 <p>$\frac{6}{6}$</p> <p>$\frac{2}{6} + \frac{6}{6} = \frac{8}{6}$</p>
<p>Бұл тапсырмада Бұрыс бөлшектерді теріп жазып оларды 1-мен салыстырамыз</p> <p>$\frac{8}{4} > 1$; $\frac{12}{4} > 1$; $\frac{4}{4} = 1$;</p> <p>Тексерейік:</p> <p>8:4=2; 12:4=3;</p> <p>4:4=1</p>	<p>3-тапсырма</p> <p>Сан сәулесін сыз. Сан сәулесінде $\frac{2}{4}, \frac{4}{4}, \frac{8}{4}, \frac{12}{4}$ сандарын белгіле.</p>	
<p>Келесі тапсырманың берілгеніне мән берейік.</p>	<p>4-тапсырма</p> <p>Әр суреттегі үлестердің жалпы санын бөлшектердің қосындысы түрінде жаз, бірлікпен салыстыр.</p> <p>$\frac{3}{3} + \frac{1}{3} = \frac{4}{3}$</p> <p>$\frac{4}{3} > 1$</p>	
<p>Диаграммаға қарай отырып шығарған есептің жауабын бірге тексерейік</p> <ol style="list-style-type: none"> $15 \cdot 1250 = 18750$ тг $30 \cdot 1250 = 37500$ тг $15 + 30 + 25 + 45 + 35 = 150$ келушілер $150 \cdot 1250 = 187500$ тг <p>Жауабы: 187500 тг</p>	<p>9-тапсырма</p> <p>Өзендердің арнасын тазалауға ақша жинау үшін «Су ресурстарын қорғау» қайырымдылық марафоны дүйсенбі мен жұма аралығында өткізілді. Диаграмманы қара. Кіру билеті 1 250 теңге тұрады. Алғашқы екі күнде қанша ақша жиналды? Барлығы қанша ақша жиналды?</p>	

Осы тақырыптар аясында бөлшектреді оқытудан күтілетін нәтижелер:

- Бастауыш сынып оқушыларында бөлшек ұғымын қалыптастырудың заманауи және тиімді тәсілдері балалардағы практикалық идеялар мен пәндік іс-әрекет тәжірибесінен бөлшектік есептеулер олардың қасиеттері мен сипаттамаларының бірлігін түсінеді;

- бөлшектер, оның өмірдегі маңызы, идеялар мен білімдердің қалыптасу сипаты, тереңдігі мен деңгейі оқушының танымының алдыңғы пәндік тәжірибесіне және мұғалім жүзеге асыратын оқытудың әдістемелік жүйесіне (математика бойынша жұмыс бағдарламасына) байланысты;

- бөлшек сандарды зерттеуде тек объективті ғана емес, сонымен қатар жеке және метапәндік нәтижелерге қол жеткізу тек мағыналармен жұмыс жасау арқылы мүмкін болады.

Бастауыш мектепте бөлшек сандарды оқыту нәтижелерінің талабына сәйкес қорытынды жасауға болады:

- оқушылар бөлшектер туралы бастапқы білімдерін айналадағы заттарды, процестерді, құбылыстарды сипаттау, сандық және кеңістіктік қатынастарды бағалау, қарапайым оқу мәселелерін шешу үшін қолдануды үйренуге мүмкіндік алады;

- шаманың үлесін және оның үлесі бойынша шаманы табу мәселелерін шешу (жартысы, үштен бірі, төрттен бір бөлігі, оннан бір бөлігі, жүзден бір бөлігі);

- күнделікті жағдайларда бөлшектер туралы білімді қолданудың бастапқы тәжірибесіне ие болады;

- өлшеу нәтижесін, бүтіннің бір немесе бірнеше тең бөлігін білдіретін фракциялар туралы түсінік алады;

- қарапайым бөлшектерді немесе бүтіннің тең бөліктерін (үлестерін) пайдалана отырып, қарапайым мәтіндік есептерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

Байқап отырғанымыздай, бастауыш математикасы бойынша оқу-тәрбие үрдісінде ЦББР-ны қолданудың кейбір аспектілерін, сондай-ақ сандық оқыту құралдарының деректерін жобалау мәселелерін қарастырамыз. Мұндағы ЦББР: анықтамасы, дидактикалық принциптері және қолданудың психологиялық ерекшеліктері.

Біз цифрлық (электрондық) білім беру ресурсы (бұдан әрі – МДМ) терминін ұстанатын боламыз. Біз бірнеше анықтамаларды қарастыра отырып, терминологияны анықтаймыз. Білім беру ресурсы (басқа атауы – оқыту құралы) – білім беру процесі жүретін ортаның элементі болады. Цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) деп цифрлық тасығыштарда сақталған білім беру сипатындағы кез келген ақпарат түсінідіріледі. ЦББР – білім беру мақсаттарына арналған және сандық, электрондық, "компьютерлік" нысанда ұсынылған мазмұнды оқшауланған объект ретінде – бұл оқу процесінде қолдану үшін қолданылатын сандық түрдегі мәліметтер жиынтығы болады.

Мұндағы сценарий жұмыстары мыналарды көздейді:

- геометриялық фигуралардағы бөлшектерді иллюстрациялау: шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш;

- сызбалық суреттер: объектіні тең бөліктерге (бөліш, қамыр, қарбыз және т.б.) практикалық бөлудің иллюстрациясы);

- координаталық түзу: (бірлік кесіндінің бөлігін табу) және бірлік кесіндісін қалпына келтіру (бейнеленген бөлшектер бойынша);

- бөлшектердің орналасуы; бөлшектерді салыстыру;

- дөңгелек диаграмма (бөліктерге бөлінген тұтас ретінде қарастырылады);

- үлгілер мен сызбалар, сызбалар; - ауызша жазбалар;

- тең бөліктерге бөлу нәтижесінде алынған бөлшектерді жазу және оқу;

- бөлшектерді салыстыру ережесі және т.б.

Білім алушылар сандық ресурстармен техникалық және психологиялық тұрғыдан жұмыс істеуге дайын болуы керек. Психологтардың зерттеулері орталық арқылы ұсынылған материалды ұсынудың дәлдігіне, қисындылығына және дәйектілігіне қойылатын талаптардың едәуір артатынын, рефлексия мәні, жаңа оқыту мен қарым-қатынас құралдарын қолданудағы эмоционалды жүктемелердің рөлі артатынын көрсетті. Компьютерлік ортада оқуды қажет ететін қатарынан бірнеше сабақ өткізу ұсынылмайды, бұл шаршауды, жүйке жүктемесін және шамадан тыс эмоцияларды арттырады.

Сандық білім беру ресурсы ол қолданылатын сабақтың кезеңіне байланысты әртүрлі дидактикалық функцияны орындайды. ЦБР енгізудің негізгі міндеті білім алушының жеке қарқынмен өзіндік жұмысы үшін оқыту ортасын модельдеу және қажет болған жағдайда кез-келген ақпараттық ресурстарға, оның ішінде өзін-өзі дайындау және өзін-өзі бақылау үшін оқу материалына шексіз қол жеткізу құқығы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды жүйелеу цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқыту сапасының жоғарылауына, білім беру мазмұнының, оқыту технологиясының және білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне әкеледі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Айта кету керек, кез – келген жаңа білім беру технологиясы мен

оқыту құралдарын енгізу қиын міндет. Әрбір жаңа оқыту құралы өзінің күшті және әлсіз жақтарына ие, сондықтан дәстүрлі және инновациялық оқыту құралдарының үйлесімі оларды қолданудың және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына жетудің ең жақсы тәсілі болып табылады.

Демонстрациялық графика. ЦОР жиынтығында демонстрациялық графика диаграмма-лармен, графиктермен, суреттермен және фотосуреттермен, ғалымдардың портреттерімен ұсынылған. Графикалық нысандар оқулықтардың дәстүрлі суреттерінің аналогтары ғана емес, олар материалды толықтырады, дидактикалық тұрғыдан байытады, зерттелген объектілер туралы дұрыс түсінік қалыптастырады.

Мәтіндер. «Мәтіндер» – бұл ең алдымен, оқулық материалын қайталауға арналған сандық түрде суреттелген мәтіндер. Электрондық форма мәтіндегі ақпаратты іздеуді айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл оқулықтың қысқаша жазбалары, заңдардың тұжырымдары, ғалымдардың өмірбаяны және т.б. Мәтіндік объектілер енгізілген барлық оқыту формалары мен әдістері және пайдаланылатын әр түрлі материалдар желісінде болуы мүмкін.

Дыбыстық түсініктеме бар мәтіндер оқушылардың сабақ материалын үйде қайталауы үшін тиімді болуы мүмкін. Оларды жаңа материалды түсіндіру кезінде дәрістер, презентациялар компоненттері ретінде де қолдануға болады. Дыбыстық түсініктемесі бар мәтіндер физикалық қабілеті әртүрлі балалар үшін пайдалы болатындығын алға шығарамыз.

Цифрлық білім беру ресурстары: жалпы мәліметтер, дидактикалық мүмкіндіктер, құру, талдау және сараптау әдістері қазіргі уақытта көптеген оқу пәндері бойынша электрондық оқулықтар мен өзіндік оқулықтар белсенді әзірленуде. Цифрлық білім беру ресурстарының индустриясы олардың қажеттілігі мен әлеуметтік маңыздылығына байланысты кеңейуде. Мысалы, цифрлық білім беру ресурстары білім беру процесін ұйымдастыруда пайдалы. Мұндай ақпараттық көздерге деген қызығушылықтың артуы, сөзсіз, мультимедиялық технологиялардың пайда болуымен, сондай-ақ байланыс құралдары мен интернеттің дамуымен байланысты. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, әсіресе интернет-технологиялар базасында оқу пәндерін құру және ұйымдастыру. Күрделі технологиялық және әдістемелік міндет болып табылады. Осыған байланысты қазіргі заманғы білім беруді дамыту идеяларына барабар ЦББ құру және пайдалану тұжырымдамаларын әзірлеу қажеттігі бар.

Сандық білім беру ресурсы ол қолданылатын сабақтың кезеңіне байланысты әртүрлі дидактикалық функцияны орындайды. ЦББР енгізудің негізгі міндеті білім алушының жеке қарқынмен өзіндік жұмысы үшін оқыту ортасын модельдеу және қажет болған жағдайда кез-келген ақпараттық ресурстарға, оның ішінде өзін-өзі дайындау және өзін-өзі бақылау үшін оқу материалына шексіз қол жеткізу құқығы болып табылады.

Қорытынды. Жалпы алғанда, зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде ЦББР қолдану мүмкіндігі теориялық білім алу мен олардың нақты игерілуі арасындағы уақыт аралығын жояды, оқытуда үлкен тәуелсіздікке ықпал етеді. Әдістемелік және технологиялық тұрғыдан сауатты әзірленген орталық білім беру орталығы оқытудың көптеген мәселелерін шешуге жақындауға мүмкіндік береді. Оқу сабақтарын дәстүрлі түрде де, ЦББР-ны қолдану кезінде де мұғалім бірқатар жалпы дидактикалық талаптар орындалды:

- сабақтың оқу мақсаттарына, оның мазмұны мен материалды зерттеу логикасына талдау жүргізу;

- оқыту және бақылау материалын мұқият дайындау: оқытылатын пәндік саланың барлық анықтамаларын нақты тұжырымдау, білім алушылар меңгеруі тиіс басты ережелерді (фактілер, гипотезалар, заңдар, заңдылықтар) бөліп көрсету, қажетті дидактикалық материалды әзірлеу;

- сабақтың мақсаттарына сәйкес қажетті материалды таңдау;

- таңдалған қолдану әдістемесін әзірлеу.

ЦББР-ны оқу процесінде сәтті және мақсатты пайдалану үшін мұғалімдер осы құралдардың жұмыс істеу принциптері мен дидактикалық мүмкіндіктерінің жалпы сипаттамасын, ЦББР-ны қолдана отырып оқу процесін жобалау принциптерін білуі керек. Бұл цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесіне енгізу екі негізгі бағытқа сәйкес жүреді деген көзқарасты ұстанады.

Атап айтқанда: бірінші бағытқа сәйкес енгізілетін ЦББР оқу процесіне білім беру жүйесінің дәстүрлі әдістері шеңберінде «қолдаушы» құралдар ретінде енгізіледі. Бұл жағдайда ресурстар оқу процесін күшейту, оқытуды жекелендіру және оқушылардың білімін есепке бақылауға және бағалауға байланысты мұғалімдердің күнделікті жұмысын ішінара автоматтандыру құралы ретінде әрекет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы желтоқсандағы №827 қаулысы) бес басым бағыттарының бірі «Адами капиталды дамыту».
2. Оспанов Т.К., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша математиканы оқыту әдістемесі. 1-4-сыныптар. – Алматы: «Атамұра», 2005.
3. Кдырбаева А.А. и др. Внеклассная работа по математике в начальной школе. – Алматы, 2000.
4. Ерешева К. Математика. 3-сынып. Өзіндік бақылау жұмысы. – Алматы: Өлке, 2017. – 74 б.
5. Қосанов Б.М. Педагогика мен психологиядағы математикалық өңдеу әдістері: Оқу құралы/Б.М. Қосанов. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2012. – 102 бет.
6. Қайыңбаев Ж.Т. Блум таксономиясы // Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании. – 2013. – №1. – С. 84-88.
7. Акпаева, А.Б. Анализ особенностей мотивации научно-исследовательской деятельности будущего учителя начальных классов/ А.Б. Акпаева, Л.А. Лебедева, А.Д. Рысқұлбекова. – 2020// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы / Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Педагогические науки. – 2020. – № 1. – С. 179-187.
8. Мыңжасарова М.Ж. Бастауыш және негізгі орта білім деңгейінде стохастика элементтерін оқытудағы сабақтастық: пед. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 2010. – 150 б.
9. Лебедева Л.А. Что такое ИКТ компетентность студентов педагогического университета и как и ее формировать // Инфо № 3. 2004. – С.95.
10. Танирбергенова А.Ш. Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында оқушылардың рефлексивтік қатынастарын қалыптастырудың әдістемесі.: пед. ғыл. канд. дис./ А.Ш. Танирбергенова., Қ.Жұбанов атын. Ақтөбе мем.ун-ті. – Алматы, 2010. – 56 б.
11. Жетпісбаева С.О. Бастауыш мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып математиканы оқыту нәтижесін бақылаудың тиімділігін арттыру әдістемесі. пед. ғыл. канд. ... дис./С.О. Жетпісбаева. – Астана, 2009. – 48
12. Алиева К.С., Байдыбекова Е.И. Бастауышта математиканы оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2014.
13. Құрманалина Ш.Х., Оспанов Т.Қ., Құрманалина С.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 468 с.
14. Байрамукова П.У. Методика обучения математике в начальных классах [Текст]: учеб. пособие / П.У. Байрамукова, А.У. Уртеннова. – Ростов н/Д: Феникс, 2009. – 299.
15. Белошистая А.В. Методика обучения математике в начальной школе [Текст]: учеб. Пособие для студентов вузов /А.В. Белошистая. – М.: Гуманитар. изд. Центр ВЛАДОС, 2007. – 455 с.
16. Байғожанова Д., Шерхан Б. Информатика элементтерін 1 сыныптан оқытайық. // Қазақстан мектебі № 1, 2003. – Б. 13-15.
17. Медешова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары. – Атырау, 2006. – 161 б.
18. Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2014. – 166 б.
19. Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 160 б.

20. Оралбекова А.К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау {мәтін}: филос. ғыл. – Алматы, 2017. – 125 б.

21. Сартаева Н.Т. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру. филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2019. – 43 б.

22. Мыңбаева А.К. «Современное образование в фокусе новых педагогических концепций, тенденций и идей. – Алматы, 2005.

23. Мұхамбетжанова С.Т. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 12 б.

24. Аргинская И.И. Методические рекомендации к учебнику И.И. Аргинской, Е.И. Ивановской, С.Н. Кормишиной. Математика 3 класс [Текст]: учеб. пособие / И.И. Аргинская, С.Н. Кормишина. – Москва: Развивающее обучение, 2016. – 304 с.

25. Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527.

26. Цветкова М.С. Проект «Информатизации системы образования» и проблемы его методического обеспечения / М.С.Цветкова, Н.И.Неупокоева, В.М.Кирюхин // Школьные технологии. – 2005. – № 6. – С. 166-177.

27. Царева С.Е. Методика преподавания математики в начальной школе [Текст]: учебник для студентов учреждений высшего образования / С.Е. Царева. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 495 с.

28. Электронные образовательные ресурсы нового поколения в вопросах и ответах. URL: www.window.edu.ru/window_catalog/pdf2txt?p_id=34442

29. Пименова О.В. Изучение темы «Доли» // Начальная школа, 1999, №5.

Reference:

1. «Сіңірлік Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы) бес басым бағыттарының бірі «Адам капиталды дамыту».

2. Оспанов Т.К., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Зһаңа биун оқулықтары бойынша математиканы оқыту әдістемесі. 1-4-сһныртар. - Алматы: «Атамұра», 2005.

3. Кдырбаева А.А. i dr. Vneklassnaya rabota po matematike v nachal'noj shkole. - Алматы, 2000

4. Eresheva K. Matematika. 3-сһнур. Өзіндік бақылau зһүмьсы. – Алматы: Өлке, 2017. -74 б.

5. Қосанов В.М. Pedagogika мен psihologiyadaғы matematikalық өңдеу әдістері: Оқу құралы/В.М. Қосанов. – Алматы; Abaj atyндағы ҚазҰПУ. – 2012. – 102 бет.

6. Қажуңбаев Ж.Т. Blum taksonomiyasy // Bilim berudegi menedzhment - Menedzhment v obrazovanii. - 2013. - №1. - S. 84-88.

7. Акраева, А.В. Analiz osobennostej motivacii nauchno-issledovatel'skoj deyatel'nosti budushchego uchitelya nachal'nyh klassov/ А.В. Акраева, L.A. Lebedeva, A.D. Ryskulbekova. – , 2020// Abaj atyндағы ҚазҰПУ-дың Habarshysy. Pedagogika ғылымдары seriyasy = Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya Pedagogicheskie nauki. – 2020.- № 1.- S. 179-187.

8. Мунзһасарова М.Ж. Bastauysh zһәne negizgi orta bilim deңgejinde stohastika elementterin оқутудағы сабақтастық: ped. ғыл. kand.... дис. – Алматы, 2010. - 150 б.

9. Lebedeva L.A. Chto takoe IKT kompetentnost' studentov pedagogicheskogo universieta i kak i ee formirovat' \\\\ Info № 3. 2004. – S.95.

10. Tanirbergenova A.Sh. Bastauysh сһнур matematikasyn оқыту барьсында оқушылардың рефлексивтік қатнастарын қалыптастырудың әдістемесі.:ped.ғыл.занд.дис/ A.Sh.Tanirbergenova., Қ.Жһбанов атын. Ақтөбе мем.ун-ті; -Алматы, 2010. – 56 б.

11. Zhetpisbaeva S.O. Bastauysh mektepte ақпараттық-kommunikaciyалық tekhnologiyаны қолдануь matematikаны оқыту нәтизесін бақылauдың тиімділігін артыру әдістемесі. ped.ғыл.kand. ... дис./ S.O. Zhetpisbaeva., – Astana, 2009. – 48 б.

12. Alieva K.S., Bajdybekova E.I. Bastauyshta matematikаны оқыту әдһstemesi. Shymkent, 2014.

13. Құрманалина Ш.Н., Оспанов Т.Қ., Құрманалина С.Қ. *Bastauysh mektepte matematikany oqytu әdistemesi: oqylyq.* – Astana: Foliant, 2007. – 468 s.
14. Bajramukova P.U. *Metodika obucheniya matematike v nachal'nyh klassah [Tekst]: ucheb. posobie / P.U. Bajramukova, A.U. Urtenova.* – Rostov n/D: Feniks, 2009. – 299 s.
15. Beloshistaya A.V. *Metodika obucheniya matematike v nachal'noj shkole [Tekst]: ucheb. Posobie dlya studentov vuzov /A.V. Beloshistaya.* – M.: Gumanitar. izd. Centr VLADOS, 2007. – 455 s.
16. Bajżozhanova D., Sherhan B. *Informatika elementterin 1 synyptan oqytajyq.* || *Қазақстан mektebi № 1*, 2003.-Б. 13-15.
17. Medeshova A.B. *Bastauysh synyp oqushylarynyñ oqu ikemdiligin aқparattyқ tekhnologiya arқyly damytudynь pedagogikalық sharttary.* - Atyrau, 2006. -161 b.
18. Muldabekova K.T. *Aқparattyқ tekhnologiyalar arқyly bolashaқ mamandardynь kommunikativtik қўзыrettiligin қalyptastyru: filos.dok. PhD ... dis. Almaty, 2014. – 166 b.*
19. Ubaidullakzy E. *Bastauysh synyp mўғalimderiniñ aқparattyқ-kәsibi қўзыrettiligin қalyptastyru : filos. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2014. – 160 b.*
20. Oralbekova, A.K. *Inklyuzivti bilim beru zhađdajynda bolashaқ bastauysh synyp mўғalimderin aқparattyқ- kommunikaciyalық tekhnologiyalardy қoldanuға dayarlaw {mәtin}: filos.zyl. Almaty, 2017. – 125 b.*
21. Sartaeva N.T. *Aқparattyқ tekhnologiyalar negizinde bastauysh synyp oqushylarynyñ zertteushilik is-әreket motivaciyasyn қalyptastyru. filos. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2019. – 43 b.*
22. Munbaeva A.K. *«Sovremennoe obrazovanie v fokuse novyh pedagogicheskikh koncepcij, tendenci i idii. Almaty, 2005.*
23. Muhambetzhanova S.T. *Biliktilikti arttyru zhyjesinde pedagogtardynь aқparattyқ-kommunikaciyalық қўзыrlylyzynь қalyptastyrudynь zlymi-әdistemelik negizderi. ped. zyl. dok. ... dis.: 13.00.02. – Almaty, 2010. – 12 b.*
24. Arginskaya I.I. *Metodicheskie rekomendacii k uchebniku I.I. Arginskoj, E.I. Ivanovskoj, S.N. Kormishinoj. Matematika 3 klass [Tekst]: ucheb. posobie / I.I. Arginskaya, S.N. Kormishina. – Moskva: Razvivayushchee obuchenie, 2016. – 304 s.*
25. Yermentayeva A.R., Kenzhebayeva K.S. *Features of Social Intelligence of Future Teachers. – 2015. - The Social Sciences. - V.10. – P.1523-1527.*
26. Cvetkova M.S. *Proekt «Informatizacii sistemy obrazovaniya» i problemy ego metodicheskogo obespecheniya / M.S.Cvetkova, N.I.Neupokoeva, V.M.Kiryuhin // Shkol'nye tekhnologii. 2005. № 6. – S. 166-177.*
27. Careva S.E. *Metodika prepodavaniya matematiki v nachal'noj shkole [Tekst]: uchebник dlya studentov uchrezhdenij vysshego obrazovaniya / S.E. Careva. – M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2014. - 495 s.*
28. *Elektronnye obrazovatel'nye resursy novogo pokoleniya v voprosah i otvetah. URL: www.window.edu.ru/window_catalog/pdf2txt?p_id=34442*
29. Pimenova O.V. *Izuchenie temy «Doli».*// *Nachal'naya shkola, 1999, №5.*

УДК 37.018.26
МРНТИ 14.39.09

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.22>

А.С. Ахметова^{1*}, Ш.Д. Имангалиева¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫНАСЫН АНЫҚТАУДАҒЫ САУАЛНАМАНЫҢ ЭКСПРЕСС-ТАЛДАУ ӘДІСІ РЕТİNДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Қазіргі таңда қоғам білім беру жүйесінен экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге сай болуды талап етіп отыр. Білім беру жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдарының құндылығының өсуі олардың күнделікті өмірге терең және әр түрлі әсер етуімен байланысты. Түрлі мобильді қосымшалар ата-аналарға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша аса маңызды рөлге ие болып келеді. Осыған орай, Қызылорда облысы аумағындағы ата-аналарға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесінде нақты қандай мәселелер туындайтынын және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қаншалықты керек екендігін айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада айқындалған он алты критерий бойынша ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өзіндік пікірлерін жеткізді. Алынған мәліметтер бойынша математикалық-статистикалық талдау жүргізілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық-психологиялық білімін бағалау шеңберінде сауалнаманы іс жүзінде қолдану ата-аналарға арналған мобильді қосымшалардың пайдалылығы туралы жедел кешенді ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, және де сол арқылы келесі қадамдарға қатысты қабылданып отырған шешімдердің тиімділігін арттырып, ата-аналарға арналған педагогикалық мобильді қосымшаны дамыту бағытына жол ашады. Және зерттеудегі талдау нәтижелері ары қарайғы ата-аналарды бала тәрбиесінде педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу бағытында жасалатын мобильді қосымшаны әзірлеуге қолданылады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі жас кезеңі, бастауыш мектеп кезеңі, сауалнама, критерий, математикалық-статистикалық талдау, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу, мобильді қосымша.

Ахметова А.С.^{1*}, Имангалиева Ш.Д.¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

АНКЕТИРОВАНИЕ, КАК МЕТОД ЭКСПРЕСС-АНАЛИЗА ОТНОШЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ К ВОСПИТАНИЮ ДЕТЕЙ*

Аннотация

В настоящее время общество требует от системы образования соответствия экономическим, социальным и культурным изменениям. Рост ценности средств массовой информации в системе образования связан с их глубоким и разнообразным влиянием на повседневную жизнь. Различные мобильные приложения играют важнейшую роль в психолого-педагогическом сопровождении родителей в воспитании детей дошкольного и школьного возраста. В связи с этим было проведено анкетирование родителей на территории Кызылординской области с целью определения, какие конкретно проблемы возникают в воспитании детей дошкольного и школьного возраста и

насколько необходимо психолого-педагогическое сопровождение. По шестнадцати критериям, определенным в анкете, родители высказали свое мнение относительно воспитания детей. По полученным данным проведен математико-статистический анализ. Практическое применение анкетирования в рамках оценки педагогико-психологических знаний родителей в воспитании детей позволяет обеспечить оперативную комплексную информацию о полезности мобильных приложений для родителей, тем самым повышая эффективность принимаемых решений в отношении следующих шагов и открывая путь к развитию педагогического мобильного приложения для родителей. И результаты анализа в исследовании будут использованы для разработки мобильного приложения, которое в дальнейшем будет разрабатываться в направлении психолого-педагогического сопровождения родителей в воспитании детей.

Ключевые слова: дошкольник, младший школьник, критерии, анкетирование, математико-статистический анализ, психолого-педагогическая поддержка.

Akhmetova A.S.^{1}, Imangalieva Sh.D.¹*

¹*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda*

QUESTIONNAIRE AS A METHOD OF EXPRESS ANALYSIS OF THE ATTITUDE OF PARENTS TO THE TRAINING OF CHILDREN*

Abstract

Today, society requires the education system to comply with economic, social and cultural changes. The increase in the value of mass media in the education system is due to their deep and diverse impact on everyday life. Various mobile applications play an important role in providing psychological and pedagogical support to parents in the upbringing of preschool and school-age children. In this regard, a survey of parents in the territory of Kyzylorda region was conducted to determine what specific problems arise in the upbringing of preschool and school-age children and how much psychological and pedagogical support is needed. According to the sixteen criteria identified in the questionnaire, parents expressed their own opinions about the upbringing of children. Based on the obtained data, a mathematical and statistical analysis was carried out. The practical application of the questionnaire in the framework of the assessment of pedagogical and psychological knowledge of parents in the upbringing of children will provide an operational comprehensive information on the usefulness of mobile applications for parents, thereby increasing the effectiveness of decisions taken on the next steps and opening the way to the development of a pedagogical mobile application for parents. And the results of the analysis of the study will be applied to the development of a mobile application for further pedagogical and psychological support of parents in the upbringing of children.

Keywords: gender, gender roles, representation, social drama, media space, gender images, gender stereotypes.

Кіріспе. Қазіргі уақытта ақпараттар тасқынының үдемелі дамуы білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етуде. Оқыту мен тәрбиелеу жүйесіне қойылатын заманауи талаптардың басым көпшілігі мұғалімдерден ғана емес, ата-аналар тарапына да мобильді, әрі жылдам өзгеруді қажет етіп отыр. Сол себепті де мобильді қосымшаларды күнделікті өмірде пайдалану оқыту мен тәрбиелеу жүйесіне қойылатын маңызды талаптарының біріне айналады. Олардың арқасында ғаламтор беттерінен тауар сатып алу-сату ғана емес, бала тәрбиесіне қатысты тесттерді жүктеп, сабақтарға дайындалу жоспарларын қауіпсіз орындауға мүмкіндіктер алуға болады [4].

Қазақстандағы заманауи білім беру жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде инновациялық әдістерді әзірлеу, жетілдіру мен енгізуді талап етеді. Бағдарламалық қамтамасыздандыру бойынша қазақстандық және ресейлік ғалымдар О.Акулов [1], Н.В. Макарова [3], Е.Ы. Бидайбеков [2], А.Т. Турешбаев [7], С.С. Үсенов [10] және т.б. еңбектерінде жарияланған теориялық идеяларды негізгі бағыт етіп алдық.

Қазірдің өзінде әлемдік кеңістікте көптеген мобильді қосымшалар әзірленіп жатыр, мысалы, жоғары оқу орындарындағы кафедралар мен құрылымдық бөлімшелерінің автоматтандырылған жүйе орталығы (АЖО), такси диспетчерлерінің автоматтандырылған жүйе орталығы(АЖО) және т.б.

Осы мәселенің қазіргі жағдайын ескере отырып, біз білім беру саласында, оның ішінде бала тәрбиесіне қажетті көмегін тигізетін және осы сұрақ бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін заманауи технологияларды дамытып, енгізу қажет деп санаймыз. Бағдарламалау саласындағы заманауи технологиялардың бірі – Android және iOS жүйелеріне арналған мобильді қосымша құру. Бұл қосымшаны құрудың басты себебі, ең алдымен, білім беруде жоғары технологияларды, әсіресе ұялы телефондар мен гаджеттерді қолдану тәсілдерін жетілдіру. Бұл қосымша мұғалімдер, ата-аналар арасында жүргізілетін ауқымды психологиялық-педагогикалық жұмыстың бір бөлігі есебінде болады. Жоба барысында жасалатын мобильді қосымша ата-аналарға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша аса маңызды рөлге ие болады [5].

Зерттеу әдістері мен материалдары. Қызылорда облысы аумағындағы ата-аналарға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесінде нақты қандай мәселелер туындайтынын және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қаншалықты керек екендігін сауалнама жүргізу арқылы айқындау. Сауалнамада он алты критерий бойынша ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өзіндік пікірлері алынып және осы алынған мәліметтер бойынша математикалық-статистикалық талдау жүргізіледі.

Сауалнама мәселенің негізгі түйінін анықтайтын зерттеу әдісі болып табылады және ол әрдайым зерттеу мақсаттарымен байланысты құрылымдық сұрақтар жиынтығын қамтитын құжат [9]. Бұл байланыс зерттелетін объектінің сипаттамаларын көрсететін ақпарат алу қажеттілігінде көрінеді. Зерттеу әдісі ретінде сауалнама қысқа мерзімде кез-келген тауар не қызмет түрі туралы барынша көп ақпарат алуға, кейбір мәселелер бойынша қоғам не белгілі бір адамдар тобы пікірін білуге және басқа да осыған ұқсас жағдайларда мәліметтерді жинақтауға мүмкіндік береді. Әдістің атының өзінен белгілі болғандай, ол барлық мәліметтерді қамтитын негізгі тәсілге, яғни сұрақтар қоюға негізделген. Ақпаратты жылдам әрі оңтайлы тәсілмен жинақтауда сауалнама алу ең тиімді әдістердің бірі. Сауалнама – сұрақтар жиынтығынан тұрады (міндетті түрде өзара байланысты болуы керек), олардың әрқайсысына жауап беруші (респондент) нақты жауап беруі керек.

Осы жағдайда сауалнама әдісі келесі артықшылықтарға ие:

- қажетті ақпаратты алу тиімділігі;
- сұрақтарға жаппай жауап алуды ұйымдастыру мүмкіндігі;
- зерттеулерді дайындау және жүргізу, олардың нәтижелерін өңдеу процедураларының мардымсыз еңбек сыйымдылығы;
- респонденттердің кез-келгеніне субъективті бейімділіктің болмауы (Bailey, 2016).


Зерттеу барысында бақылау, сұхбаттасу, сауалнамалар, педагогикалық тәжірибені зерттеу, психологиялық-педагогикалық диагностика қолданылады. Бұл зерттеу әдістері білім берудегі тұлғалық-мәдени, белсенділікке негізделген тәсілдердің интеграциясын қамтамасыз ететін білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологиясына негізделген ата-аналарға арналған мобильді қосымшаны жасауға бағытталған. Сауалнама әдісінің ерекшеліктерін пайдалана отырып, біз мәліметтер ала алдық, сауалнамаға 1114 респондент қатысты, сауалнамада анықталған он алты критерий бойынша ата-аналар бала тәрбиесі туралы өз пікірлерін білдірді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Зерттеу барысында Google Forms көмегімен «Мектепке дейінгі жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сауалнама-2020» нәтижелеріне талдау жасалады.

Жоба барысында мәселені шешу үшін сауалнама түрінде қалыптастырушы эксперимент өткізуді жоспарладық. Сауалнама Google Form платформасында жасалған. Ол 16 сұрақтан тұра-

ды. Сауалнаманың мазмұнында балалар тәрбиесі, тәрбиелеу әдістері, отбасындағы балалардың жеке-дара ерекшеліктері, балалармен бірге бос уақыт өткізу т.б.

Сауалнамаға Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш және Жаңақорған аудандарынан 1100, Қызылорда қаласынан 14 респондент қатысты. Сауалнама қазақ тілінде жүргізілді, өйткені облыс тұрғындарының басым көпшілігі негізінен қазақ тілінде сөйлейді. Респонденттердің балаларының орташа жасы - 7,6, ата-аналарының орташа жасы - 42-43 жас, ата-аналардың білім деңгейі – жоғары кәсіби. Ал енді сауалнама бойынша талдау жұмыстарына назар аударсақ, «Отбасында балалар тәрбиесімен кім көбірек айналысады?» деген 1-сұрақ бойынша бірнеше жауап нұсқалары берілген. Онда респонденттердің 75,9% - «тек анасы», 9,0% - тек әкесі, 7,6% - «әжесі» деп жауап берді (1-сурет).




Сурет-1. «Бала тәрбиесімен отбасында кім көбірек айналысады?» сұрағының жауаптар үлесі

Келесі 2-суретте көрсетілгендей, «Отбасында балаға қойылатын жалғыз талап бар ма?» деген сұрақ қойылған болатын. Респонденттердің 52,7% -ы «әрқашан», 43,3% -ы «кейде», 4,0-і «ешқашан» деп жауап берді.




Сурет-2. «Балаға отбасында бірыңғай талап қойылады ма?» сұрағына жауаптар үлесі

Балаға көрсетілетін қолдаудың қаншалықты көрініс табатынын анықтауда, «Сіз баламен сөйлесесіз бе, тыңдағаннан кейін оған жауап беріп, қолдайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 95,1% оң жауап берді, 4,3% - «кейде» деген нұсканы таңдаған (3-сурет).



Сурет-3. Балаға көрсетілетін қолдаудың үлесі

Келесі респонденттерге «Сіз балаңыздың сүйікті ертегісін, кітабын және ойыншығын білесіз бе?» деген сұрақ қойылды (4-сурет). Респонденттердің 83,7% - «иә» деп жауап берсе, 11,6% - «мен білуге тырысамын», 2,0% - «жоқ» деген нұсқаларды белгілеген.




Сурет-4. «Балаңыздың сүйікті ертегісін, кітабын және ойыншығын білесіз бе?» сұрағына жауаптар үлесі

«Бала тәрбиесінде не маңызды?» деген сұраққа респонденттердің 23,1%-ы – баланың денсаулығы мен физикалық денсаулығының дамуы, 18,8%-ы – интеллектуалды қабілеттерінің дамуы, шамамен сонша пайызы 18,3%-ы өздері үшін баланың маңызды адамгершілік қасиеттерін дамыту деп жауап берді (5-сурет).




Сурет-5. «Бала тәрбиесінде не маңызды?» сұрағына жауаптар үлесі

6-суретте көрсетілгендей, «Бала тәрбиесіндегі мен үшін шұғыл мәселе не болмаса мені толғандыратын мәселе?» атты сұраққа респонденттердің көпшілігі теріс деп жауап берді, яғни бұл сұрақтың сауалнамаға қатысқан ата-аналар үшін әлі де маңызды емес екенін көрсетеді.




Сурет-6. Ата-ананы толғандыратын сұрақтар үлесі

«Сіз күн сайын балаңызбен сөйлесуге және ойнауға қанша уақыт жұмсайсыз?» деген 8-сұрақ бойынша респонденттердің 41,2% бір сағат уақытын жұмсайтындығын айтса, 26,8% - күніне 20-40 минут, ал 26,3% респонденттер 2 сағат, ал 5,7% ата-аналар шамамен аз уақыт (0-20 минут) деп жауап берді (7-сурет).



Сурет-7. Балаға бөлінетін уақыт үлесі


«Баланың мінез-құлқының қандай ерекшеліктеріне назар аудару керек?» деген 8-суреттегі сұрақ бойынша респонденттердің 30,5%-ы баланың салғырт мінез-құлқы деп жауап берсе, 12,4% - баланың гиперактивтілігі, 11,8%-ы баланың табандылығы деген жауапты таңдаған. Яғни, баланың аталғандай мінез-құлық ерекшеліктерімен жұмыс жасалауы қажет.



Сурет-8. «Баланың қандай мінез-құлық ерекшелігіне мән беру керек?»


Және «Сіз бала мінезінің қандай ерекшеліктеріне назар аударуыңыз керек?» деген сұрақ бойынша респонденттердің 25,4% - агрессивтілік, 25,3% - ұялшақтық және 19,0% реніші деген жауаптарды таңдаған.

Келесі 9-суретте көрсетілгендей, «Тәрбиелеудің қай әдістері нәтижелі деп ойлайсыз?» деген сұраққа респонденттердің 20,5%-ы «үлгі көрсету» деп жауап берсе, ал 14,6% - мақтау, 9,2% - мақтау, сыйлық беру, ал бұдан да аз пайыз көрсеткіштегі ата-аналар тобы сендіру, талап ету, үйрету деген жауап нұсқаларын таңдаған.




Сурет-9. Нәтижелі тәрбиелеу әдістерінің үлесі

«Сіз мектеп мұғалімі мен балабақша тәрбиешісінен қандай көмек алғыңыз келеді?» деген 12-сұраққа жауап берген ата-аналардың басым көпшілігі 42,2% - кеңес берушілік, 41,9% - ақпараттық, 3,6% ата-ана диагностикалық көмек деген нұсқаларды таңдаған(10-сурет).



Сурет-10. Мектеп мұғалімі мен балабақша тәрбиешісінен күтілетін көмектің үлесі

Келесі «Бала тәрбиесіне байланысты ақпараттарды қайдан аласыз?» деп аталатын сұрақ бойынша респонденттердің 52,3% - өмірлік тәжірибесі мен туыстарының кеңесіне сүйенетіндігін жазса, 12,1% - мұғалімдер мен тәрбиешілердің кеңестері, 4,1% ғаламтор мен телешоулар материалдары деген жауапты таңдаған (11-сурет).



Сурет-11. Бала тәрбиесіне байланысты алынатын ақпарат көздерінің үлесі

Сауалнаманың соңғы сұрағы «Ата-анаға арналған мобильді қосымшадан сіздің балаңызды тәрбиелеуге көмектесетін қандай кеңестермен мұғалім немесе тәрбиеші танысса деп ойлайсыз?» деген 12-суреттегі сұраққа ата-аналардың басым көпшілігі теріс жауап нұсқаларын таңдады, дегенмен кейбір респонденттер 6,2% - балаларды тәрбиелеуге, білім деңгейін көтеруге қатысты ақпараттармен танысса деп жауап берді.



Сурет-12. Баланы тәрбиелеуге көмектесетін кеңестер үлесі

Жалпы, жүргізілген зерттеу бойынша, сауалнамада айқындалған он алты критерий бойынша ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өзіндік пікірлерін жеткізді. Алынған мәліметтер бойынша математикалық-статистикалық талдау жүргізілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық-психологиялық білімін бағалау шеңберінде сауалнаманы іс жүзінде қолдану ата-аналарға арналған мобильді қосымшалардың пайдалылығы туралы жедел кешенді ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, және де сол арқылы келесі қадамдарға қатысты қабылданып отырған шешімдердің тиімділігін арттырып, ата-аналарға арналған педагогикалық мобильді қосымшаны дамыту бағытына жол ашады.

Қорытынды. Бұл мақала «Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу үшін ата-аналарға арналған мобилдік қосымша әзірлеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты ғылыми жобада қойылған мақсаттарға сәйкес алынған сауалнама нәтижесінде жазылды. Адам өмірінде отбасы шешуші рөл атқарады. Бұл отбасылық қарым-қатынас пен өзара қатынаста адамның қажеттіліктері жүзеге асырылады, атап айтқанда: белгілі бір топқа жату сезімін беретін адами байланыстарға деген қажеттілік; сезім мен басқа адамдар үшін оның маңыздылығын нақты дәлелдейтін өзін-өзі растау қажеттілігі; өзара жылууды сезінуге мүмкіндік беретін сүйіспеншілік қажеттілігі; өзіндік бірегейлік, даралық сезімін қалыптастыратын өзін-өзі тану қажеттілігі; рөл үлгісін беретін бағдарлау қажеттілігі [6]. Қазіргі заманғы отбасында балаларды тәрбиелеу – бұл әр нақты отбасының да, әлеуметтік институт ретінде отбасылар жиынтығының да объективті түрде анықталған әлеуметтік жағдайы. Сонымен бірге, қазіргі заманғы отбасы өмірінің динамикасы мен өзгергіштігі баланың ерекше жағдайын, оның дамуы мен тәрбиесін алдын-ала анықтайды, өз кезегінде ата-аналар мен балалардың білім беру процесіне қатысушылардың нақты әлеуметтік педагогикалық жағдайымен, мазмұнымен және психологиялық-жеке және этноментальды қасиеттерімен қамтамасыз етіле бермейді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда білім беру жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдарының құндылығының өсуі олардың күнделікті өмірге, отбасына терең және әр түрлі әсер етуімен байланысты болып отыр. Түрлі мобильді қосымшалар ата-аналарға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша аса маңызды рөлге ие болып келеді. Осыған орай, Қызылорда облысы аумағындағы ата-аналарға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбиесінде нақты қандай мәселелер туындайтынын және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қаншалықты керек екендігін айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдағаннан кейін біз бала тәрбиесіндегі маңызды проблемаларды бар екендігін анықтадық. Олар денсаулық құндылықтары және балалардағы салауатты өмір салты, отбасындағы бала дамуы жайлы білім беру

ортасын құру, тұлғааралық қарым-қатынастағы бұзылушылықтардың психологиялық себептерін жою, балалардың тәрбиешілермен, құрдастарымен, ата-аналармен және басқа адамдармен қарым-қатынасы, балалардағы психологиялық-педагогикалық проблемалар және олардың интеллектуалды, жеке және эмоционалды-еріктік ерекшеліктерін диагностикалау, балалардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қабілеттерін анықтау және жекелеген, реттеуші, балалардың танымдық және коммуникативті дағдылары.

Қорыта келе, айтарымыз, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық-психологиялық білімін бағалау шеңберінде сауалнаманы іс жүзінде қолдану ата-аналарға арналған мобильді қосымшалардың пайдалылығы туралы жедел кешенді ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, және де сол арқылы келесі қадамдарға қатысты қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттырып, ата-аналарға арналған педагогикалық мобильді қосымшаны дамыту бағытына жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акулов, О.А. Информатика: базовый курс: учеб. пособие для студентов / О.А. Акулов, Н.В. Медведев. – М.: Омега-Л, 2017. – 552 с.
2. Бидайбеков Е.Б. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: Автореф. на соискание д.п.н. – М., 2008. – 153 с.
3. Макарова Н.В. Информатика: Учебник./ Под ред. Н.В. Макаровой. – М.: Финансы и статистика, 2012. – 768 с.
4. Слостенин В.А. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2015. – 576 с.
5. Кольцова В.А. Социально-психологические и духовно-нравственные аспекты семьи и семейного воспитания в современном мире / Отв.ред. В.А. Кольцова. – М.:Изд-во «Институт психологии РАН», 2018. – 956 с.
6. Котлярова, В.В. Взаимоотношение родителей и детей в семье: философско-психологические, социальные и педагогические аспекты проблемы / В.В. Котлярова, В.Д. Медведев, Ю.А. Проскурякова. - Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 1 (135). – 404-407 с.
7. Турешбаев А.Т., Омарова У.Ш., Ким С.Т. Электронный учебник по информатике./ каф. «ПМКТ» КГУ им Коркыт Ата. – Кызылорда, 2001.
8. Bailey, K. Interview Studies in Methods of social research. Simon and Schuster, 4th ed. The Free Press, New York NY 10020. Ch8. 2016. – Pp.173-213.
9. Crossman, Ashley. «Social Surveys: Questionnaires, Interviews, and Telephone Polls» ThoughtCo, Aug. 26, 2020, from: [thoughtco.com/sociology-survey-questions-3026559](https://www.thoughtco.com/sociology-survey-questions-3026559).
10. Ussenov S. Didactic Conditions of Implementation of ICT in the Formation of Creativity of Future Teachers of Physics Asian Social Science; Vol. 11, No. 28; 2015. ISSN 1911-2017. E-ISSN 1911-2025/Published by Canadian Center of Science and Education.

Reference:

1. Akulov, O.A. Informatika: bazoviikurs: ucheb. posobiedlyastudentov / O.A. Akulov, N.V. Medvedev. – М.: Omega-L, 2017. – 552 s.
2. Bidaibekov E.I. Razvitie metodicheskoi sistemi obucheniya informatike specialistov sovmesh'ennih s informatikoi profilei v universitetah Respubliki Kazahstan: Avtoref. nasoiskaniem. p.n. – М., 2008. – 153 с.
3. Makarova N.V. Informatika: Uchebnik./ Pod red. N.V. Makarovoi. – М.: Finansi i statistika, 2012. – 768s.
4. 4 Slastenin V. A. Pedagogika: Uchebnoe posobie dlya studentov pedagogicheskikh uchebnykh zavedenii. – М.: Izdatelskiicentr «Akademiya», 2015. – 576 s.

5. Kolcova V.A. *Socialno-psihologicheskie i duhovno-nravstvennie aspekti semi i semeinogo vospitaniya v sovremennom mire / Otv.red. V.A. Kolcova. – M.: Izd-vo «Institutpsihologii RAN», 2018. – 956 c.*

6. Kotlyarova, V.V. *Vzaimootnoshenie roditelei i detei v seme: filosofsko-psihologicheskie, socialnie i pedagogicheskie aspekti problemi / V.V. Kotlyarova, V.D. Medved, YU. A. Proskuryakova. - Tekst :neposredstvennii // Molodoiuchenii. - 2017. - № 1 (135). – 404-407 c.*

7. Tureshbaev A.T., Omarova U.SH., Kim S.T. *Elektronnii uchebnik po informatike. / kaf. «PMiKT» KGU imKorkit Ata.-Kizilorda, 2001.*

8. Bailey, K. *Interview Studies in Methods of social research. Simonand Schuster, 4th ed. The Free Press, New York NY 10020.Ch8. 2016. – Pp.173-213.*

9. Crossman, Ashley. «*Social Surveys: Questionnaires, Interviews, and Telephone Polls.*»ThoughtCo, Aug. 26, 2020, from: [thoughtco.com/sociology-survey-questions-3026559](https://www.thoughtco.com/sociology-survey-questions-3026559).

10. Ussenov S. *Didactic Conditions of Implementation of ICT in the Formation of Creativity of Future Teachers of Physics Asian Social Science; Vol. 11, No. 28;2015. ISSN 1911-2017 . E-ISSN 1911-2025/Published by Canadian Center of Science and Education.*

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.23>

К.М. Метербаева^{1*}, Г.Адылбеккызы², А.Б. Елькеева¹

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² Кыргыз улуттук университети, Бішкек қ., Қырғызстан

ТӘРБИЕ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мектеп жасына дейінгі бала тұлға ретінде тәрбие мен әлеуметтік қалыптасу жағдайларына және оның балалық шағында қалыптасатын белгілері мен қасиеттеріне және қоршаған шындықпен өзара әрекеттесуіне байланысты осы немесе басқа дамуды алған табиғаттың күрделі қоспасы екені анық.

Мақалада тәрбиенің жеке аспектілері, оның мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басын қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында маңызды рөл атқаратын білім беру ортасы, оның психологиялық қауіпсіздігі және ата-аналық көзқарасы сипатталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму кезеңдері мен ерекшеліктері, балалардағы психологиялық дағдарыстардың белгілері талданады. Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бала тәрбиелеудегі міндеттері мен, сол міндетке жетудің әдістері сараланады. Ең негізгі деп танылатын ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеу әдістеріне тоқталады. Зерттеу міндеті ретінде авторлар экономикалық формациялардың өзгеруі жағдайында тәрбиенің рөлін бағалау әрекетін анықтай отырып, тәрбиенің жеке аспектілері, оның мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басын қалыптастырудағы рөлін қарастырады.

Теориялық талдау негізінде, мектеп жасына дейінгі балаларда жоғары моральдық- қасиеттерді тәрбиелемей, қазіргі қоғамға әлеуметтік бейімделген жеке тұлға қалыптасуы мүмкін мүмкін емес. Сондықтан да бұл гүлденген қоғамның гуманистік, адамгершілік, моральдық қасиеттерін бала бойына қалыптастырушы педагог-тәрбиеші болып табылатындығын негіздейді.

Сонымен қатар, баланың отбасындағы тәрбиесіне ерекше назар аударылады және достық, сенім, назар мен құрмет, психологиялық қолдау, команданың әр мүшесінің қауіпсіздігіне қамқорлық және баланың жеке басын тәрбиелеудегі гуманистік көзқарас сияқты мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық қауіпсіздігінің маңызды шарттары анықталады. Авторлар

білім беру, басқа іс-шаралар сияқты, оның қатысушыларының үйлесімділігі мен диалогтылығын болжайды деген қорытынды жасайды. Жоғарыда айтылғандардың негізінде қазіргі заманғы мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу бойынша ұсыныстар тұжырымдалған.

Түйін сөздер: білім беру ортасы, дағдарыс, психологиялық қауіпсіздік, коммуникативті, заттық-дамытушы орта, қозғалыс

Метербаева К.М.^{1}, Адылбекқызы Г.², Елькеева А.Б.¹*

¹*Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан*

²*Кыргызский национальный университет, г. Бишкек, Кыргызстан*

ВОСПИТАНИЕ КАК ВАЖНЫЙ ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

Совершенно очевидно, что дошкольник как личность представляет собой сложный сплав заложенных от природы задатков, получивших то или иное развитие в зависимости от условий воспитания и социального формирования, и приобретенных черт и качеств, формирующихся у него на протяжении всего детства и под влиянием взаимодействия с окружающей действительностью. В качестве исследовательской задачи авторами была определена попытка оценить роль воспитания в условиях смены экономических формаций, рассмотрены отдельные аспекты воспитания, ее роль в становлении личности детей дошкольного возраста.

На основе теоретического анализа обосновывается мысль о том, что, без воспитания у дошкольников высоких нравственно-моральных качеств нельзя получить человека, социально адаптированного в современное общество, что именно педагог является основным транслятором гуманистических, нравственных, моральных устоев благополучного общества.

В статье рассмотрены отдельные аспекты воспитания, ее роль в становлении личности детей дошкольного возраста. Описывается образовательная среда, ее психологическая безопасность и родительские установки, которые играют важную роль в развитии дошкольников. Проанализированы этапы и особенности развития дошкольников, признаки психологических кризисов у детей.

Особое внимание в статье уделяется направленности воспитания ребенка в семье и определяются такие важные условия психологической безопасности дошкольников как дружба, доверие, внимание и уважение, психологическая поддержка, забота о безопасности каждого члена коллектива и гуманистический подход в воспитании личности ребенка. Авторы делают выводы о том, что воспитание, как никакая другая деятельность, предполагает совместность и диалогичность её участников. На основе вышеизложенного сформулированы рекомендации по воспитанию современного дошкольника.

Ключевые слова: образовательная среда, кризис, психологическая безопасность, коммуникатив, материально-развивающая среда, движение.

К.М. Meterbayeva¹ G.Adilbekkisi² A.B. Elkeyeva¹

¹*Kazakh national women's pedagogical university Almaty, Kazakhstan*

²*Kyrgyz national University, Bishkek, Kyrgyzstan*

THE ROLE OF PRESCHOOL EDUCATION IN CHILDREN'S LIVES

Abstract

The article is devoted to modern problems of education of preschool children. The authors describe the educational environment, its psychological safety and parental attitudes, which play an important role in the development of preschool children. Stages and features of development of preschool children, signs of psychological crises in children are analyzed. Special attention is paid to the orientation of the child's upbringing in the family and defines such important conditions for the psychological safety of preschoolers as friendship, trust, attention and respect, psychological support,

concern for the safety of each member of the team and a humanistic approach to the upbringing of the child's personality. Based on the above, recommendations for the education of a modern preschool child are formulated.

Keywords: educational environment, crisis, psychological security, communicative, material-developing environment, movement.

Кіріспе. Тәрбие – бұл өте жауапты процесс. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және мектепке дейінгі білім беру туралы екі есе жауапты. Жеке қасиеттерді қалыптастыруға әсер ететін білім беру іс жүзінде баланың өмірінің алғашқы айларынан басталады, дегенмен бұл жаста жеке қасиеттер әлі көрінбейді [1]. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мақсаты – әрбір балаға базалық білім беру, базалық мәдениет негіздерін (сенсорлық дамыту, ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тәрбие) беру. Мектепке дейінгі тәрбиенің міндеттері:

- бала денсаулығын нығайту;
- эмоционалдық көңіл-күй;
- зияткерлік дамуды;
- ерікті дамуды қамтамасыз ету болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеуде ата-аналардың маңызы зор. Олардың көзқарасы мен мінез-құлқымен олар балаға үлгі көрсетеді. Сондықтан отбасындағы ұрыс пен жанжалдасулардан аулақ болуға тырысу керек. Ата-аналардың азғындық қарым-қатынасы нәтижесінде (денелік зорлық-зомбылық, маскүнемдік және т.б.) мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтенуінің типтік емес шарттары пайда болуы мүмкін, бұл өз кезегінде оның дамуына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында білім беру ортасы мен оның психологиялық қауіпсіздігі маңызды рөл атқарады. Баланың сәттілік сезімі пайда бола ма, жоқ па, керісінше психикалық және денсаулығының бұзылуы білім беру ортасының ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеудегі тәрбиешілер мен ата-аналар осы үлкен әлемдегі кішкентай адамның сәтті әлеуметтенуіне ықпал ететін қолайлы жағдайлар жасауға тырысуы керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Әр жаста баланың дене, психикалық және әлеуметтік дамуының өзіндік деңгейі болады. Жас ерекшеліктері-өмірдің белгілі бір кезеңіне тән анатомиялық, физиологиялық және психикалық қасиеттер [2]. Тамаша педагог, әрі психолог К.Д. Ушинский баланың дамуын жеке өзінің белсенді ойлауы мен таным әрекеті еңбегінің жемісі деп атап көрсетті. Ол баланың сезімдік танымына ерекше көңіл аудара отырып, баланың тілінің шығуы, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін беру арқылы адам болып қалыптасады, - деп атап көрсетті [3]. Бала тіл арқылы өз ойын нақты бейнелеп бере алады. Қандай еңбекті болса да өз ана тілінде барлық ынта-ықыласымен терең танып біле алады. Сондықтан ана тіліндегі еңбектерді оқып беру арқылы тек адамгершілігі мен ақыл-ой жағынан дамытып қоймай, азаматтығы жағынан дамытуды ескеру керек. Жас ерекшеліктерін ескеру негізгі педагогикалық принциптердің бірі болып табылады. Осының арқасында баланың дамуы үшін ең қолайлы күнделікті тәртіпті, әртүрлі іс-әрекеттерді, оқу-тәрбие жұмыстарының нысандары мен әдістерін анықтауға болады. Мектепке дейінгі балалар 3 жастан 7 жасқа дейінгі кезең болып саналады. Кіші жас (3-4 жас) – мектеп жасына дейінгі баланың дамуындағы маңызды кезең. Осы кезеңде бала ересектерге, құрдастарына және объективті әлемге жаңа көзқарас танытады. Мұнда баланың өміріндегі "үш жылдық дағдарыс" сияқты маңызды кезеңді бөліп көрсету керек. Ол бірнеше айға созылуы мүмкін және әртүрлі қарқындылықпен жүреді - деп, И.Мұқанов дағдарыстың тән белгілерін көрсетеді:

- мойындамау;
